

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



АДАМҒА ЕКІ НӘРСЕ ТІРЕК ТЕГІ:
БІРІ-ТІЛ, БІРІ-ДІЛІҢ ЖҮРЕКТЕГІ.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ

OK

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА В РУССКОЙ ШКОЛЕ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ

ҚАЗАҚТЫҢ ДАНА ТҰЛҒАСЫ

Біз осы намірден бастап журнал мұқабасының 1-ші және 2-ші беттерінде мүмкіндігінше, мұғалімдерге қомақты құрал ретінде, "Қазақтың дана тұлғасы" айдары бойынша еліміздің мақтан тұтар қорнекті ойшыларын ретіне қарай суреттерін беріп отыруды жөн көрдік. Алғашқысы — Әбунасыр Әл-Фараби!



8/2010

ӘБУНАСЫР ӘЛ ФАРАБИ (870-950 Ж.Ж.)

Толық аты-жөні - Әбунасыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат Түркі. Әл Фараби 870 жылы қазіргі Арыс өзенінің Сырдарияға құятын сағасындағы Фараб (кейіннен Отырар аталған) қаласында дүниеге келген. Жасынан білім-ғылымға өте күштар болған. VIII-X ғасырлар қазіргі Қазақстан және Орта Азия жерінде ғылым мен мәдениеттің Орлеу дәуірі болды. Соған сәйкес, әл Фараби бұрынғы грек ойшылдары Платон мен Аристотельдің ілімдерін терең талдап көрсеткен.

Әл Фараби - өзінің өте көп ғылыми философиялық трактаттарын жазып қалдырған бүкіләлемдік данышпан ойшыл. Сөйтін философия тарихында Аристотельден кейінгі Екінші ұстаз атанды. Ол өмірінің соңғы кезеңін көне Сириядағы Шам қаласында (қазіргі Дамаск) өткізді. 950 жылы әл Фараби сол Шам қаласында көз жұмды.

Бірақ оның көл-көсір мол мұрасы ұлтымыздың ортаймас асыл қазынасына айналып, жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде мұғалімдер мен оқытушыларға таптырмас сенімді тірегі болуымен өте құнды дүние. Қасиетті бабамыз туралы ақын жүрегіне үңілсек, былай дейді:

*Оңай емес толғану Өзің жайлы,
Тұнып тұрған даналық сөзің жайлы.
Тани алмай келеміз мол мұраңды,
Сонда айтылған нәп-нәзік сезім жайлы.*

*Сені оқыған жан алдын жарық қылдың,
Рухани жағынан қарық қылдың.
Әдебиет әлемін аралатып,
Музыканың сырына қапықтырдың.*

*Іші тардың пейілі тарылды мың,
Бағып аштың қашанда дарындының...
Трактатың - жол сілтер Шолпан жұлдыз,
Бізге өсиет - өмірлік тағылымың!*

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

Казахский язык и литература
в русской школе

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

8

2010

ТАМЫЗ

“Білім және
Ғылым”
жауапкершілігі
шектелулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми-
педагогикалық
журналы

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ,
Берікжан ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА,
Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА,
Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш
СҮЙШКИНА.

МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылыми ойлар атауы

Нұр-Айша ЖҮСІПҚЫЗЫ.	Кәсіби кұзыреттілік қалыптастыруда мамандық тілін оқытудың қатысымдық бағыттылығы.....3
Нағма ИЛЪЯСОВА.	Лексикалық деңгейдегі қатысымдық тұлғалардың омонимдермен ұқсастығы және олардың айырым белгілері..... 11
Ғалия ШӘРІПЖАНОВА, Алтын ИБРАЕВА, Аида БЕЙСЕНБАЕВА.	Конкурстық тест.....20 Концепция формирования, поликультурной компетенции студентов вузов РК.....29
Гүлжан БОЛАТОВА.	Пейзаж и его функции в романе-эпосе М.О.Ауэзова “Путь Абая” и в русском художественном переводе.....40
Роза ҚОЖАБАЙҚЫЗЫ.	Интерактивті қатысым мәселелері.....49
<i>Мугалімдерге көмек</i>	
Бағлан СӘДУАҚАСОВА.	Өзге тілді дәрiсханаларда оқытудағы коммуникативтік ойындардың рөлі.....60
Гүлжаннат САБЫРЖАНҚЫЗЫ.	Сапалы сабақ кепілі - көрсiкi құралдар...65
Гүлшина ЖҮНІСОВА.	Деңгейлеп оқыту технологиясы.....69
Роза БАЙМОЛДАҚЫЗЫ.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі экономикалық ұғымдар және мағыналық дәлдік.....78
<i>Әдістеме өлемінде: қазақ тілі</i>	
Жамила ҚАЛИЕВА.	Сөздік қорды байытқан Қазақстан - Менің Отаным.....85
Қарлығаш ӘБЛҚАЙЫРОВА.	Қарым-қатынас тілі - хайуанаттар бағында.....89
Алмагүл ТОЛЕГЕНҚЫЗЫ.	Тіл байлығы - Алматыда.....94
<i>Әдістеме өлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Айтжан ҚОЗЫБАЙҚЫЗЫ.	Әдебиет - сөз өнері.....99
Гүлнар МҰҚАНҚЫЗЫ.	Қатыр Мырза Әли.....103
<i>Пәнаралық байланыс</i>	
Бақыш МҰЗДЫБАЕВА, Олыя КОПАНЦОВА.	Халық ауыз өдебиеті.....109
<i>Білім негізі - бастауышта</i>	
Несіпжан СӘРСЕНОВА.	Мамандық.....115
Бақыт СЕГІЗБАЕВА.	Біз қазақша сөйлейміз.....118
<i>Сыныптан тыс сабақ</i>	
Нүргүл БЕГАЛИНА, Гүлдәш ШҰҚМАНОВА.	“Тәрбие басы - тіл”.....123
<i>Оқушының шығармашылығынан</i>	
Эльшод ЖҰМАЕВА.	Туған жер - алтын бесігім.....128
<i>Қазақ тілі орыс аудиториясында</i>	
Ақбота МЫРЗАХАНОВА.	Газет арқылы оқыту одістемесі.....132

Нұр-Айша ЖҮСІПҚЫЗЫ,
Қазақстан Менеджмент және
экономиканы болжау институтының
Тілдер орталығының
лекторы,
филология ғылымдарының
кандидаты.

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МАМАНДЫҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ

Замана өзгеріп, қоғамдық орта мен кәсіби қызмет салалары өзгеше сипат ала бастағалы да біршама жылдар өтті. Әр кезең өзіндік өзгеріс, жаңалықтарымен, талаптарымен келетіні - табиғи заңдылық. Жаңа қоғам әкелген жаңаша технология, әлемдік интеграция мен ғаламдық өзгерістер ғылымның барлық саласы мен адам санасына түбегейлі өзгерістер енгізуде. Өскелең ұрпақ өмір сүрудің сындарлы салтын, білімнің сапалылығын, тәсілдің тиімділігін таңдауда. Бұл өзгерістер тіл үйрету саласында да өзіндік жақсы үлгісін қалыптастыруда. Кеңес Одағы кезеңінен қазіргі күнге дейін жетіп, әлі де “таты кетпеген” орыс тілін міндетті білу талабы сол кездегі бүкіл одақтас республика азаматтарының санасына сыналап емес, батпандап кірген болатын. Бұл мемлекеттік тілді барынша мәжбүрлеп оқыту тәсілі еді. Бүгінгі күн мінберінен қарағанда, тіл білуге деген жағдай да, талап та түбегейлі өзгеріп, қасиетті қазақ тіліне қарай бет бұрылып, мемлекеттік тілде сауатты сөйлеу мәселесі әрбір Қазақстандық азамат үшін өзекті болып отыр. Мемлекет қазақ тілін үйренуді

өзге ұлт өкілдеріне мәжбүрлей емес, саналы да сапалы оқып-үйрену саясатын алға тартып отыр. Тілді оқытудың түрлі озық әдістемелері, ерекше сұранысқа ие батыстық әдістемелер де ұсынылып, мемлекет тарапынан тіл үйренушілерге барлық мүмкіндік қарастырылуда. Қазіргі уақытта тіл үйретудің барлық деңгейлерінде оқыту әдістемелері мен теориялары жасалуда. Бүгінгі таңда өзекті де тиімді саналып отырған қазақ тілін деңгейлік оқыту технологиясы тіл үйренудің, тілді оқытудың ең жоғарғы нәтижесі - студентті кәсіби маман ретінде тілдесімге шыға алатындай мақсат пен міндетке бағытталған. Осы арқылы жоғары білікті, кәсіби құзыретті маман дайындау көзделіп отыр. Қазір республикамызда қазақ тілін мамандыққа бейімдей оқыту - даму сатысында. Қазақ тілін кәсіби салада оқыту мәселесін де қоғам өміріндегі қажеттіліктердің өзі туындатып отыр. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесі нығая түскен сайын, келешекте түрлі салалардағы кәсіби қазақ тілінің маңызы арта түсері сөзсіз. Себебі, жақсы маман болумен қатар, тілдік білімі толыққан, бірнеше тілде, соның ішінде мемлекеттік тілде кәсіби сөйлей алатын маманның компания, мекеме, мемлекеттік қызмет және қоғам үшін де алар орны, көтерер абыройы бөлек.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, кредиттік технологиямен оқытудың бірнеше ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Ол бірінші кезекте- студенттің жан-жақты құзыретті маман болып шығуына бағытталуы. Студентке міндетті пәннен басқа таңдау пәндеріне де құқық берілуі. Сол сияқты сабақ кестесін өзі таңдай отырып жасауы да көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Студентке қажет пәннің болуы деген сөз — болашақ

өміріне, мамандығына пайдалы пәннің болуы. Қазіргі заманға, қоғамға керекі - жан-жақты жетілген тұлға. Осындай қарыштап дамып жатқан қоғамның жастары өзінің болашақ қызметінде не қажет екендігін шамамен болса да болжай біледі. Студент алдында өз қажеттілігін, кәсіби тілдік құзыреттілігін толық жетілдіру және дамыту мәселесі туындайды. Қандай сала маманы болмасын, олардың негізгі қарым қатынас құралы - тіл екені шындық. Тіл білу, сауатты сөйлеу, шебер де шешен сөйлеу - болашақ маманға таптырмайтын құрал. Осы тұрғыдан келгенде, қандай ЖОО-ны болмасын, басқа пәндерге қарағанда, қазақ тілі пәнінің, түрлі бағыттағы маманданған қазақ тілі курстардың маңызы зор. Білім берудегі кредиттік жүйеде осындай қажет курстардың ашылар кезі келді. Мақаланың зерттеу объектісі болып отырған Қазақстанның менеджмент және экономиканы болжау институтында аталған мәселелер толық жолға қойылған. Студенттің негізгі және міндетті пәндерден бөлек, қосымша ретінде, таңдау пәндерін ала алатындығын көріп отырмыз. Мемлекеттік тіл беделін арттыруда тағы бір мүмкіндік туып отыр. Ол - студентті қызықтыратын, болашақ өмірінде, қызметінде пайдаға жарайтын пәннің болуы. Өз тәжірибемізде қазақ мектебін бітіріп келген студенттің кәсіби салада өз ойын тиянақты, еркін жеткізе алмайтындығының куәсі болып жүрміз. Көптеген ЖОО-да қазақ мектебін бітіріп келген студент үшін қазақ тілін ары қарай дамытуды, тілдік түрлі курстарды ұсынуды қажет деп санамайды. Тіпті, мамандық тіліне дайындай, бағыттай оқыту мәселесі де толық жолға қойылмаған. Тіл білу сол тілде еркін және жатық сөйлеумен ғана шектелмейді. Адам баласының тіл байлығын нақты бір

өлшеммен өлшеу де, шектеу де - мүмкін емес нәрсе. Бұл жерде бүгінгі таңдағы тілдік білім деңгейлерін анықтау тестілерінің жөні бөлек екендігін айта кетуіміз керек. Тіл де қоғаммен бірге дамитындығын ескерсек, онда адам баласы үшін тілдің байлығын игеру де, тілдік білімін толықтыру да үздіксіз, шексіз процесс екенін көруге болады. А. Байтұрсыновтың: “Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сойлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек” /1/ деген сөзі біз қарастырып отырған мәселеге нақты жауап бола алады. Осы айтылып отырған мәселелерді жинақтай келе, белгілі бір мамандық тілінің қыр-сырын меңгеру - бүгінгі уақыт қажеттілігі екенін айтқымыз келеді. Қандай мәселеде де озық, дәлелденген тәжірибеге сүйену – нәтиженің кепілі. Бірақ қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар.

Шет тілдерін оқыту әдістемесінде ағылшын тілін мамандық тілі ретінде оқыту, яғни, арнайы мақсатқа бағыттай оқытуға арналған “иностранный (английский) язык для конкретных целей” (Language (English) for Specific Purposes LSP (ESP) деген курстар бар. Бұл курстар жақсы жолға қойылған. Осындай курстар бизнес, экономика, туризм, т.б. түрлі салаларда жоғарғы сұранысқа ие болып келеді. Мұндай курстардың пайда болуына да, дамуына да себеп - түрлі салалардағы халықаралық қарым-қатынастар. Қазақстанның дәл қазіргідей даму, өркендеу жағдайында да осындай қажеттілікті тудыру тек тіл мамандарының ғана емес, түрлі іскерлік қарым-қатынас саласындағы орбір қазақстандық азаматты ойландыруы тиіс. “Тіл – қарым -қатынас құралы” дейміз. Ал барлық іскерлік салада қарым-қатынас құралы

рөлін орыс және шет тілдері атқарып отыр. Сондықтан да республикамызда қазіргі таңда қажетті және өзекті болып отырған тілді оқытудың деңгейлік технологиясын дамыту барысында арнайы мамандық тіліне бейімдей, бағыттай оқытуды тек өзге ұлт өкілдеріне ғана емес, қазақ мектебін бітірген болашақ маман үшін де қатар қарастырудың уақыты келді. Ол үшін, бірінші кезекте, арнайы пән ретінде министрлік тарапынан жасалған мемлекеттік типтік стандарттың болуы қажет деп ойлаймыз. Міндеттелмеген іс ешқашан да толық мақсатқа жетпейтіндігі белгілі.

Мамандыққа бейімдей оқытудың өлеуметтік-қатысымдық бағытта бөлуы дегеніміз — болашақ маманның кәсіби қажеттілігіне, кәсіби міндетті қызметіне бағытталуы. Бұл саланы зерттеушілер/2/ пікіріне сүйенетін болсақ, мамандық тілін оқыту пәніне арналған бағдарламаны құрастыруда бірнеше ұсыныстарды алға тартады:

- * бағдарламаның кәсіби сала мамандарымен ақылдаса, бірлесе отырып құрастырылуы;

- * мәтіндік материалдарға ерекше мән берілуі - мамандыққа тікелей қатыстылығы.

Біздің пайымдауымызша, бірінші ұсынысқа себеп - сол саладан арнайы білімі бар маманның кәсіби көзқарасының негізге алынуы. Екінші ұсыныстың негізінде болашақ маманның өз мамандығына деген мотивациясы жатыр. ҚМЭБИ тәжірибесі көрсетіп отырғандай, “Іскерлік қазақ тілі” арнайы курсы бағдарламасында студенттің арнайы маман ретінде кәсіби құзырлылық деңгейіне жету мақсаты көзделеді. Бұл курстың ерекшелігінің өзі — бағдарламаның арнайы топтардың сұраныс-қажеттілігіне қарай құрылуы.

Тілді кәсіби бағытта оқытудың мақсаты болашақ маманды өзінің нақты кәсіби саласында, іскери және әлеуметтік ортаға толық бейімделген тұлға дәрежесіне көтеру болып табылады. Оқыту технологиясы студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өзін өзі жан-жақты жетілдіруге, белсенділікке, сапалы білімге ұмтылуына, кәсіби дағды қалыптастыруға құрылуы басты назарда болуы қажет. Ол қазіргі таңда кең қолданысқа ие болып отырған оқытудың белсенді креативті технологиясына негізделгені дұрыс. Нәтижені жалпы тілдік білім алған студент пен арнайы мамандық тілін меңгерген студенттің кәсіби тілдік білім айырмашылығынан көруге болады. Ол үшін болашақ маман келесідей құзыреттіліктерді қалыптастыруы қажет:

Лингвистикалық құзыреттілігі. Қазақ тілінің заңдылықтарын толық меңгеруі. Кәсіби лексика мен грамматиканы терең білуі – оның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасқандығының кепілі.

Лингвоелтанушылық құзыреттілігі. Түрлі ситуациялардағы әңгімеде қазақ тілінің бай тілдік қоры бояуының көрініс тауып отыруы, халықтық санадағы дәстүрлі, қалыпты үлгілердің сақталуы. Қазақ халқының ұлттық сөйлеу ерекшеліктері, сөз саптауы, жалпы дүниетанымдық ойлау жүйесінің айқын көрініс табуы.

Әлеуметтік құзыреттілігі. Республикадағы болып жатқан түрлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және жүріп жатқан күрделі жаңғыру үдерісі болашақ маманнан келешек ісінде қоғамдық ортада, көпшілік ортада, кәсіби ортада өзін тұлға ретінде таныта алуын талап етеді. Қоғамға керегі – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси

өміріне белсенді араласатын тілдік құзыреті толық қалыптасқан тұлға. Кез келген орта өз әрекетінде белгілі бір норманы басшылыққа ала сөз саптайды, ой қорытады, тұжырым жасайды. Шаршы топта немесе көпшілік ортада, іскери ортада және жеке тұлғамен тілдік қарым қатынаста әлеуметтік санаға әсер етуші тұлға деңгейінде, қоғамдық идеологияның қозғаушы күші деңгейінде сөз сойлеу - тұлғаның әлеуметтік құзыреттілікке жетуі болса, осы арқылы тілдің әлеуметтік құзыреттілік дәрежесі көрінеді.

Дискурстық құзыреттілігі. Әріптесінің әңгімесін толық түсініп қабылдай алуы және әңгіме ыңғайын алдын ала түсіне алуы. Соған сәйкес өз айтар сөзінің бағытын/жай-жапсарын/ жоспарлай алуы. Сойлеу барысында, ақпарат беруде логикалық байланыстың толық сақталуы.

Әдістемелік құзыреттілігі. Үйренген, қалыптасқан тілдік дағдыларды өз қызметінде тиімді әрі нәтижелі, дұрыс жұмсай алуы.

Кәсіби құзыреттілігі. Озінің тілдік білік-дағдысын кәсіби бағытта кәсіби құзыретті маман ретінде қажеттілігіне еркін қанағаттанушылық тұрғысынан қолдануы.

Аталған құзыреттіліктерге жету жолында студенттің уәждемесінің рөлі ерекше. Қандай студент болмасын, өз болашағының жақсы болғанын қалайды. Солай болады деп ойлайды да. Ол институт қабырғасындағы білімді өзінің болашақ биік мансабы, жоғары жалақыға жету жолы деп түсінеді. Осы мақсаттан студент қажеттілігі туындайды. Қажеттілікті қанағаттандаруда белсенді уәж болса, ол тез шешімін табады. Түрлі ғалымдар пікірі де уәждеменің жетекші роліне басымдық береді. Мысалы, психолог А.В. Петровский

пікірі: “Главными структурными компонентами мотивации являются мотивы, потребности и цели, которые реализуются в процессе деятельности обучающихся” /3/, - дейтін болса, А.Н. Леонтьев /4/ пікірі де осыған үндес. Мотивтің болашақ қызметке жету жолындағы қажеттіліктің толық қанағаттандырылуы деген пікірді айтады. И.А. Зимняя пікірі/5/ оқу қызметі барысында екі түрлі уәждің болатындығын дәлелдейді. Ол:

1) қол жеткізу уәжі /мотив достижения/;

2) танымдық уәж /познавательный мотив/.

Мамандық тіліне бағыттай оқытуда осы аталған кәсіби қатысымдылық құзыреттіліктер мен белсенді уәждеме дұрыс жолға қойылса, әрбір маманның жақсы нәтижеге, көздеген мақсатқа жететіндігіне сеніміміз зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынұлы. Тіл-күрал./Құраст.- Алматы: “Сардар” баспасы, 2009. 348б.

2. П.И.Образцов. О.Ю.Иванова. Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку на неязыковых факультетах вузов: Учебное пособие /Под ред. П.И. Образцова.- Орел: ОГУ, 2005. 114 с.

3. А.В.Петровский. Психология развивающейся личности. – М.: Педагогика, 1987. 238 с.

4. А.Н.Леонтьев. Избранные психологические произведения: в 2-х тт. / Под ред. В.В. Давыдова и др. – М.: Педагогика, 1983. 391 с.

5. И.А.Зимняя. Педагогическая психология. – М.: Логос, 1999. 384 с.

Нағима ИЛЪЯСОВА,
Қазак мемлекеттік
қыздар педагогикалық
университетінің доценті,
филология ғылымдарының
кандидаты.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ОМОНИМДЕРМЕН ҰҚСАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ

Лексикалық деңгейдегі қатысымдық тұлғалар сырт қарағанда, омонимдерге ұқсас келеді. Омонимдер гректің *homos* - біркелкі және *опута* атау деген сөздерінен алынып, бірдей дыбысталып немесе бірдей жазылып, мағыналары басқа-басқа болып келетін сөздер. [1.158.] Мысалы, қазақ тілінде *ат* деп піштірілген еркек жылқыны атайды. *Ат* деп танылған заттар мен құбылыстарға тағылған таңбаны (атау, есім) айтады. *Ат* деп оқ жұмсап, оқ шығару әрекетін білдіретін сөзді атайды. Бұлар – дербес тұрғанда жеке-жеке сөз. Олардың арасында айтылуы бірдей болғанымен, мағыналық жақтан өзара байланыс жоқ. Солай бола тұрса да, олардың мағынасын тілдік қатынас үстінде немесе мәтін ішінде ажыратамыз. Омонимдерді дербес тұрған қалпында атайтын болсақ, олардың мағыналық айырмасы ажыратылмай өр түрлі түсініледі. Мысалы, *ат* деген сөзбен *ағаш* деген сөздердің дербес тұрғандағы қалпын салыстырсақ, *ағаш* белгілі бір өсімдікке тағылған таңба болып, сол зат туралы дербес тұрып-ақ хабар береді. Дәлірек айтқанда, *ағаш* сөзі арқылы-ақ, оның не екенін, қандай зат екенін, оның басқа заттардан

айырмашылығы бар екенінен хабар аламыз. Ат сөзін тек контекске қарай анықтап, я оның көлік үшін пайдаланатын үй жануары екенін, я болмаса қойылған есім екенін, я шабуыл үшін жасалатын кимыл екенін танимыз. Яғни, омоним сөздердің мағынасы мәтін ішінде ғана тиянақталады. Сонда омонимдер айтылуы, жазылуы бірдей, бірнеше мағынада қолданылатын сөздер болып шығады. Омонимдерге тән бұл қасиет олардың лексикалық деңгейдегі қатысымдық тұлғалармен ұқсас жақтарын көрсетеді. Лексикалық деңгейдегі қатысымдық тұлғалардың да айтылуы, жазылуы бірдей болып, бірнеше мағыналарда жұмсалады. Мәселен, жоғарыда омонимдік қатар түзеп тұрған үй жануары ретінде танылатын ат сөзі қатысымдық тұлға бола алады. Ол бір ғана семантикалық топ аясында жұмсалып, бірнеше мағына білдіруге қабілеттілігімен ерекшеленеді. Ат сөзін қатысымдық тұлға ретінде тануға негіз болатын семантика - піштірілген, үйірге түспейтін, көлік үшін пайдаланатын төрт түлік малдың түрі. Осы семантика негізінде ат сөзі түрлі тіркестерде, фразеологиялық бірліктер құрамында жұмсалып, тілдік қатынас құралына айналады. Нәтижесінде бірнеше мағына білдірудің негізі болады. Атты піштіру, үйірге қоспау халықтың тіршілікке деген қажеттілігінен туындаған. Атты көлік ретінде пайдалану семантикасынан *ат басын бұрды* тіркесі пайда болып, бағытын өзгертті мағынасында қолданылады. *Ат басын тартты* тіркесі жасалып, тоқтады мағынасын білдіреді. *Ат басын тіреді* тіркесі қалыптасып, қонақ болды, тоқтады мағынасын анықтайды. *Ат бауырына алды* тіркесі жасалып, атпен қуып, өлімше етіп сабады мағынасында жұмсалады.

Қазақ халқы - өмір бойы елін, жерін сыртқы жаудан

қорғап келген жауынгер халық. Елін, жерін қорғау үшін қан кешіп, жанын пида еткен ата-бабамыздың қарулы күштерінің бірі де осы ат болған. Сондықтан жау шауып, ел басына қатер төнгенде *ат басына күн туды* деген. Бұл қиын кез болды, сыналар шақ келді деген мағынаны білдіреді. *Ат* төрт түліктің ішінде қазақтың болмысына ең жақын мал болғандықтан ұлттың салт-дәстүрін анықтайтын әр түрлі мағыналарға ие болады. Мысалы, қазақ халқында құданы қарсы алып, құрмет көрсету салтымыз бар. Ең алғаш құда түсіп келгенде құрмет көрсетудің алғашқы сатысы - алдынан шығып, иығын тіреп аттан түсіріп алу дәстүрі. Құданын мініп келген атын құда күтуші ауылдың бозбалалары жетектеп апарып байлайды. Келген құдалар жағынан бұл құрметке кәде беріледі. Осы салтқа байланысты берілетін кәденің атауы “ат байлар” деп аталады. Қазақтың тыныс-тіршілігі, жүріс-тұрысы тұтастай атты міну, ат күшін пайдалану арқылы орындалғандықтан, сыйлыққа ат тарту құда-жекжат, дос-жарандар арасында үлкен құрмет болып танылады. Осыған байланысты *ат байлады* немесе *ат байлау* тіркесі қолданылады. Ол сыйлады, тарту етті мағынасын білдіреді. Олардың арасында өкпе наз, реніш туындаса *ат кекілін кесісті* тіркесі қолданылады. Ол араздасты, бір-бірінен мүлде безді деген мағынаны білдіреді.

Ат та - сырқы пішіні, тұлғасы жағынан басқа заттардан ерекшеленіп тұратын өзіне тән сипаты бар зат. Сондықтан ол бір нәрсені екінші нәрсеге балау мағынасында қолдануға қабілетті болады. Мысалы, *ат жақты* тіркесі бет әлпеті сопақша келген адамға байланысты айтылады, белгілі нәрсені белгісіз нәрсеге теңеу мағынасында айтылады. Мысалы, *Ол аттай жүйрік екен* дегенде жүйріктіктің сапасы белгісіз

болғандықтан аттың шабысына теңестірілген.

Лексикалық деңгейдегі қатысымдық тұлғалардың омонимдерден айырмашылығы мынада: біріншіден, қатысымдық тұлғалар танымдық семантикаға ие. Сондықтан оларға тән көп мағыналылық бір ғана семантикалық топтан тарайды. Мысалы, атты піштіріп, үйірге қоспау оны көлік ретінде тануды көрсетсе, көлік ретінде тану семантикасы бағытты өзгерту, тоқтау, қонақ болу, олімше етіп сабау мағыналарын тудырған. Ат жаудан қорғанатын, күш беретін, күш қосатын жануар мағынасында жұмсалса, одан сыңалатын, қиналатын кез болу мағынасы туындаған. Ат сый, құрмет жасау үшін пайдаланатын мүлік мағынасында жұмсалса, одан сый құрметтің символын айқындайтын мағыналар туындаған.

Аттың сыртқы пішініне тән ерекшеліктерден теңеу мағынасы пайда болған. Аттың сапалық қасиетінен белгісіз нәрсені белгілі нәрсеге теңеу мағынасы болған; *екіншіден*, қатысымдық тұлғалар бір ғана семантикалық топтың аясынан тарағандықтан, ұғымаралық байланысқа негізделген парадигмалық жүйе құрайды. Мысалы, *Ат, айғырлар, биелер, Бүйірі шығып ыңқылдап* (Абай). Ат - адамның қанаты (ҚТТС) дегенде ат сөзі өзінің бастапқы нақты мағынасында қолданылып, семантикалық парадигмаға сай жұмсалған. *Ат басындай тас шоқпар, Тақымына басыпты* (ТТС, Батырлар жыры) дегенде үлкен сөзі ат басына теңестіріліп, ауыспалы мағынада қолданылып, фразеологиялық парадигмаға сай қолданылған; үшіншіден, қатысымдық тұлғалар эмоционалды қызмет атқарады. Мысалы, *Бір күні үшеуі келе жатса, ат басындай алтын тауып алыпты* (ТТС) деген сөйлемде алтынның қандай екенін сипаттап тұрған ат басындай тіркесі эмоция тудыру мақсатында қолданылған;

төртіншіден, экспрессивтік қызмет атқарады. Мысалы, *Ол уақытына жай жатқан момын қазақтың "Аттанып барып жылық алған, ат үстінен ұйқы алған", - деп барымташыны мақтап бұзылған кезі Шыңғыстан соң болса керек (АТС)* деген сөйлемде *ат үстінен ұйқы алу* тіркесі экспрессия тудыру мақсатында қолданылған. Тілдің эмоционалды-экспрессивтік қызметі туралы зерттеген Е.И.Галкина-Федарук тілдегі эмоционалды пен экспрессивтік қызметтің ерекшеліктерін саралауда эмоцияның әрқашан да экспрессия тудыруға қабілетті екенін, ал экспрессияның эмоционалды бола бермейтіні туралы тұжырым жасайды. [2. 103-104] Оның қазақ тіліндегі көрінісін қатысымдық тұлғалар арқылы анықтауға болады. *Ат басындай алтын* дегенде эмоция да, экспрессия да бар, бірақ эмоционалды мән басым болады. Ал, *ат үстінен ұйқы алу* тіркесі дамыл таппай үнемі ат үстінде жүрудің бейнесін көрсету мақсатында қолданылады; *бесіншіден*, қатысымдық тұлғалар бір семантикалық топтан тарайтын тілдік бірліктер болғандықтан олардың жігін таза грамматикалық тұрғыда анықтауға болмайды. Мәселен, *ат* сөзі семантикалық парадигма жүйесінде зат атауы ретінде жұмсалып, жалпы грамматикалық мағынаға ие болса, фразеологиялық парадигма жүйесінде мағыналық тұтастыққа ие болып кетеді.

Омонимдердің қатысымдық тұлғалардан айырмашылығы мынада: біріншіден, омоним сөздердің арасында семантикалық жақтан байланыс болмайды. Сондықтан олардың шығуы да, мағынасы бір-біріне қатыссыз болып тұрады. Мысалы, тілімізде қолданылатын *ер* сөзі ат әбзелдерінің атауы ретінде (аттың үстіне салынып, адам отыруға арналған құрал) қолданылады. Мысалы, *Қалмақы қара үзеңгі биік қасты ер*,

Қанжығамда байлаулы жіптен шідер (Абай). Еркек, азамат, батыр ретінде қолданылады. *Талпынған талаппенен мен де бір ер, Коп жүрдім кездей келді көрмеген жер.* (Абай) Біреуге не бір нәрсеге ілесіп жүру мағынасында қолданылады. Мысалы, *Менің соңымнан ер!* Ер сөзінің ұғымы әр түрлі, бірі екіншісіне семантикалық жақтан қатыссыз болады. Сондықтан жалпы грамматикалық мағынасы да әр түрлі. Ер сөзі атқа мінгенде тоқымның үстінен салынатын күрал – жабдық ретінде және еркек, азамат, батыр ретінде танылса, ол есім мағынасында жұмсалады. Маған *еріп жүр* дегендегі ер сөзі қимыл іс-әрекетті білдіріп етістік мағынасында қолданылады; екіншіден, омонимдер омофондар, омографтар жүйесінде көрініс табады. Омофондар түрліше жазылып, бірдей айтылады. Мысалы, асшы (зат есім) – ащы (сын есім), сары ала (сын есім) – сарала (етістік), т.б. Омографтар жазылуы бірдей болады да, айтылуында өзгеріс болады. Мысалы, көрші (зат есім) – корші (етістік), кеспе (зат есім) – кеспе (етістік), алма (зат есім) – алма (етістік) ретінде жұмсалғанда оларға қойылатын екпін арқылы әр түрлі мағынада жұмсалғанын көреміз; үшіншіден, омонимдерге рационалдық сипат тән болады. Рационалдық сипат белгілі бір заттар мен құбылыстардың нақты өлшемдеріне сүйенеді. Сондықтан сөздер нақты, дәл мағынаны білдіреді; зат есім болса, нақты сол затқа берілген таңбаны ғана анықтайды, етістік болса, нақты сол қимылға берілген таңбаны анықтайды, т.б.

Қатысымдық тұлғалар мен омонимдердің ұқсастығы – айтылуы, жазылуы бірдей болып келуі, көп мағынада жұмсалыуы, сөз мағыналарының мәтін ішінде айқындалуы. Сондықтан олар – сөздерді дұрыс пайдалануды, сөз мағынасын

дұрыс тануды талап ететін тілдік бірліктер.

Қатысымдық тұлғалар бір ұғымнан тарап, әр түрлі семантикалық мағыналарды білдіретін болғандықтан, олар танымдық семантикаға сүйенеді. Мысалы, *Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да, Оған да үкі тұмар тағылса да* немесе *Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрледің. Бір ғылым еді іңкөрің, Әр қиынға сермедің* (Абай) дегенде *тұлпар* сөзі бірінші мәтінде аттың *жүйріктігін танытып тұрса*, екінші жерде атқа тән осы қасиет талап туралы ақпаратты бейнелеп көрсетеді. Тұлпар сөзі екі жерде екі түрлі мағынада қолданылған. Ол мағына семантикалық жақтан бірі екіншісімен байланыста болады. Олардың семантикалық қолданылу аясы бір ұғымнан тарайды. Бұл - қатысымдық тұлғаларға тән қасиет. Қатысымдық тұлғаларға тән ерекшелікті Қ.Жұбановтың мына тұжырымы арқылы түсіндіруге болады: “Адам бұрын абстрактілі түрде сөйлей алмаған, себебі конкрет түрде ғана ойлаған. Сондықтан сол кездегі сөздер де конкрет. Кейіннен абстракт түрде ойлай алатын болған соң, әлгі конкрет сөздерін әкеліп бұған да енгізген” [3. 118.] Қатысымдық тұлғалар - конкретті сөйлеу мен абстрактілі ойлаудың нәтижесі. Конкретті сөйлеудің нәтижесі белгілі бір заттың атын атай отырып, сондай заттың бар екенін, оны қоршаған ортадағы басқа заттардан айырықша екенін көрсетеді. Абстрактілі ойлау танылған заттың жеке белгісін басқа ақпараттармен салыстыра қолданудан туындайды. Нәтижесінде қатысымдық тұлғалар адам дүниетанымындағы білім қорын айқындап, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың арасындағы бір шартты байланыстың болатынын білдіреді. Оларда эмоционалдық, экспрессивтік сипат айқын көрініс табады. Мәселен,

қасқырдың апанының ешкімге білінбейтіндей болуы, өзіне өмірлік серік таңдауы, жемтігін екеулеп аулауы, т.б қасқырға тән ерекшелік болса, адам үшін қасқырға тән бұл ерекшеліктер эмоция тудырады. Адамдар қасқырға тән сол қасиеттерді көріп білгендіктен және оған таңқалғандықтан, соның ерекшелігін білуге деген қызығушылықтан сол затты таныған. Заттар мен құбылыстарға атау беріліп, олардың адам танымына орнығуына эмоционалдық қасиет негіз болады. Нәтижесінде сол зат туралы ақпарат жинақталған. Сол жинақталған ақпараттар сөздің танымдық аспектісін айқындайтын когнитивтік жүйені құрайды. Мысалы, жоғарыда аталған ат сөзінің піштірілген, үйірге түспейтін, көлік үшін пайдаланатын төрт түлік малдың түрі деген мағынасы фреймдік жүйені құрайды. Фреймдік жүйе бойынша қатысымдық тұлғалар заттар мен құбылыстарға тікелей бағытталып және оларды тануға негіз болатын танымдық семантикалардың бейнесімен тікелей байланысты болып, нақты немесе абстракт мағынада жұмсалады.

Когнитивтік жүйе белгісіз нәрселерді белгілі нәрсе арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, қасқырдай қайратты дегенде қайраттылықтың сапасын анықтауға қасқырдың танымдық сипатын айқындайтын семантикасы негіз болады. Танымдық семантика бір нәрсенің қасиетін екінші нәрсеге балауға негіз болады. Мысалы, Арыстандай Исатай дегенде Исатайдың ерлігі, айбаты арыстанға баланған. Сондықтан оның ерлігін, батырлығын, айбаттылығын арыстан арқылы шамалаймыз. Когнитивті жүйедегі семантика белгісіз нәрсені танытатын белгі ретінде немесе белгілі нәрсенің қасиетін айқындауда эмоция тудыратын амал ретінде қолданылса, синтаксистік шартты мағынада жұмсалады.

Нәтижесінде қатысымдық тұлға экспрессивтік сипат алады. Когнитивтік жүйедегі танымдық семантика этностың болмысымен байланысты қолданылса, фразеологиялық байлаулы мағынаға ие болады. Мысалы, жоғарыда ат сөзімен байланысты тұрақты тіркестер негізінде қалыптасқан бағытты өзгерту, тоқтау, қонақ болу, өлімше етіп сабау, т.б мағыналары фразеологиялық байлаулы мағынадан туындаған. Қатысымдық тұлғалардың фразеологиялық байлаулы мағынада, синтаксистік шартты мағынада қолданылуы олардың гештальт жүйесіне тән екенін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Хасенов. Тіл білімі. Алматы. - Санат. 1996. - 416.
2. Галкина - Е.М.Федарук. Об экспрессивности и эмоциональности в языке // Сборник статей по языкознанию.- М.: Изд-во МГУ, 1958. С 103-104.
3. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 1999- 158.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена познавательной характеристике языковых единиц на лексическом уровне и их отличии от омонимов.

SUMMARY

The article is devoted to the cognitive characteristics of language units at the lexical level, and they differ from homonyms.

Ғалия ШӘРІПЖАНОВА,
Алматы энергетика және
байланыс институтының
аға оқытушысы,
филология ғылымдарының
кандидаты.

КОНКУРСТЫҚ ТЕСТ

Қазіргі кездегі жаңа ақпараттық технологиялар мен телекоммуникацияның қарқынды дамуы компьютер мен модемді көпшіліктің пайдалануына жол ашты. Ақпараттық коммуникациялық технологияның дамуына байланысты білім берудің де жаңа түрлері дамып келеді.

Біздің бағдарламамыз мамандыққа байланысты оқытуға негізделетіндіктен, аутентивті мәтіндерді оқуға үйрету міндеті қойылады. Яғни, оқу стратегиясына сай мәтіндердің мақсатын, ерекшелігін түсіну, бейтаныс сөздердің мағынасын контекст бойынша, орыс тіліндегі дыбыстық ұқсастығы, созжасам элементтері бойынша болжамдау, мәтінде негізгі орын алмайтын сөздерге назар аудармау, әр түрлі (екі тілді, терминдер, синонимдер, энциклопедиялық, т.б.) сөздіктерді қолдану.

Тілдік қатынастың айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым өрекеттерінің барлық түрінде студенттердің оқу үдерісінде компьютерлік бағдарламаларды қолдану өте маңызды. Осы орайда институттың қазақ тілі кафедрасында студенттердің ақпарат деректермен алмасуы, тілді белгілі бір мамандық саласына байланысты сойлесудің үлгілерін меңгеру, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету – басты назарда.

“Тілдесім – сойлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс. Тілдесім әрекетінің атқаратын қызметінің барлығы – негізінен қарым-қатынасты жүзеге асыру” / Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Оқу құралы. – А., 2000. 270 б./.

Осылай деген әдіскер-ғалым Ф.Оразбаева тілдесімнің атқаратын функцияларын (қызметтерін) былайша топтастырып жіктейді:

1. Әлеуметтік қызмет;
2. Танымдық қызмет;
3. Мағлұматтық қызмет;
4. Қоғамдық не қауымдық қызмет;
5. Эмоционалдық қызмет.

Осы функциялар бойынша оқушы тілдік қатынаста әр түрлі ортада байланыс орнатудың жолдарын меңгереді. Мысалы, әлеуметтік қызметте мәдениетті сөйлеу, рухани өсу; танымдық қызметте дұрыс әрекетті нашар әрекеттен айыру; мағлұматтық қызметте өмірде кездесетін көптеген хабарлар жөнінде пікір алысу; қоғамдық қызметте ұжымдық күрделі әрекеттерді ұйымдастыру, бір-бірімен түсінісу; эмоционалдық қызметте адамдардың бір-бірімен сезімін, көңіл-күйін бөлісуге мүмкіндік жасалады...

Институтта кафедра бойынша әр семестрде студенттер білімін бағалауда ағымдық, аралық бақылау тестілеу арқылы бағдарламаға сәйкес жүйелі жүргізіліп отырады. Олардың тілдесім әрекетін дамыту барысында оқу материалымен ғана шектеліп қоймай, танымдық, мағлұматтық, қоғамдық қызмет мақсатында әр түрлі конкурстық тестілеудің де артық етпейтіндігін байқадық. Осыған байланысты студенттер

арасында өтілген конкурстық тестілеу тәжірибемді ортаға салуды жөн көрдім. “12 сәуір – ғарышкерлер күніне” байланысты өткізілген конкурста міндеттелген мақсатқа жету үшін, алдымен, әр түрлі ақпарат көздерінен (газет-журнал, энциклопедия, интернет, т.б.) мәліметтер жиналды. Жиналған мәліметтер тестің қай түріне сәйкес келетіндігіне қарай сұрыпталды. Мысалы, баламалық тест бойынша, жауаптың үлгілері “иә-жоқ”, “дұрыс-бұрыс” түрінде беріліп, студент осылардың біреуін ғана таңдап алады. Бұл сұрақ студенттің логикалық пайымдауын талап етеді. Мысалы, “Қазақстанда келесі жылы қазақтың үш қызы бірдей ғарышқа ұшқалы жатыр” деген сұраққа “иә”, “жоқ”, “білмеймін”, “мүмкін” деген нұсқалардың ішінен “білмеймін”, қазіргі күні бәрі де “мүмкін” деп жауап бере салуға болады. Ал әріден ойлағанда, “космос тарихында, оның ішінде дамыған елдерде бірден екі немесе үш қыздың ғарышқа сапар шеккені болды ма? Ол үшін қанша уақыт, қанша дайындық, қаражат керек немесе осындай информация бұқарат ақпарат құралдарында таралып па еді?” деген мәселер төңірегінде тереңірек ойлап пайымдауға тура келеді. Осындай студенттердің интеллектуалдық қабілетін көрсететін сұрақтар көлемі екі нұсқаның ішінде (әр нұсқада 30 сұрақтан) 5-6-дан кем болған жоқ.

Таңдамалық тестіде бір сұраққа бірнеше жауап беріліп, оның біреуі дұрыс, басқалары қайшы болып келеді. Тест конкурстық деп аталғандықтан, тек қана ресми түрде емес, жауаптары әзіл аралас түрде келіп отырды. Мысалы, “1957 жылы қазан айының төртінде КСРО-да не ұшырылды?” деген сұраққа:

- а) Жердің жасанды серігі;
- ә) Жердің жасампаз серігі;
- б) Жердің жасалған серігі;

в) Жердің жап-жапа серігі, - деген жауаптар жазылды.

Өзге тілді аудиторияда ішінара кейбір студенттерге жауап табу қиындық келтіргенімен, радиотехникаға байланысты мәтіндерде кездескен терминдер бойынша сұрақтың нақты жауабын шешуге тиіс деп есептедік.

Таңдамалық тестіде грамматикалық білімдерін бағалау да назарға алынды. Мысалы, Ғарыш аппараты бортына ғылыми аппаратуралардан басқа алып телескоптар да орнатылады. Ғылыми қай сөз табы? Сондай-ақ, сөздердің, терминдердің баламасын үйрету мақсатында олардың орысша нұсқасын беріп, қазақшасын көрсетуін ұсындық.

Қосымшалық тестіні қазақ тілінің жалғамалы ерекшелігін студенттің қаншалықты меңгергендігін тексеру мақсатында қостық. Сұрақтар “Қоп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз”, “Септік жалғауын табыңыз”, “Керекті септеулік шылауды қойыңыз” тәріздес түрінде берілді.

Толықтырмалық тест бойынша сөйлем құрамындағы сөздердің немесе сөз тіркестерінің кейбірі түсіп қалады не болмаса сұрақтар беріледі. Түсіп қалған сөздер мен сұрақтарға жауаптардың тиістісін студент белгілейді. Жауапта дыбыстық тәсілдің түрі ассонансты да қолдандық. Мысалы, “Ғарыштық кеме — адамның ғарышта ұшуына арналған ғарыштық не?”

- А) ашпарат;
- В) ақпарат;
- С) аптап;

Д) апта.

Бұлардан басқа конкурстық олшемдік тесті де қолданылды. Студенттердің жалпы білім дәрежесін тексеруде бұл тестінің рөлі үлкен. Олшемдік тестіде бір сұрақтың бірнеше жауабы беріледі: бірі – толық әрі дұрыс, екіншісі – жартылай дұрыс, үшіншісі – жартысынан азы дұрыс, төртіншісі – дұрыс емес, т.б. Мысалы, “Космонавтика” дегеніміз не?

- А) ғарыш кеңістігіне ұшу;
- В) ғарыш кемесімен шарлау;
- С) ғарыш жорығына шығу;
- Д) ғалымдар кеңесіне қатысу.

Дұрыс жауапты белгілеу үшін студент ғылыми стильде эмоционалды-экспрессивті сөздер немесе көркем әдебиеттегідей бейнелі сөздер, ауызекі стильдегі сөздердің қолданылмайтындығын еске түсіруіне тура келеді.

Тілдік танымдық, мағлұматтық қызметі арқылы студенттерге қазақ халқының салт-дәстүрінен басқа ауа-райын болжаудағы қалыптасқан қағидалары мен тәсілдері, күн санау, ауа райы туралы мақал-мәтелдерден де тест ұйымдастырдық. Халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан-ақ түсінші, тұрмыс-тіршілігіне арқау еткен. Ауа райындағы, табиғаттағы құбылыстарды назарыңда ұстап, оған баға беріп отырған. Ауа райың үнемі қадағалап, жан-жануардың іс-әрекетіне, айға, жұлдыздарға қарап болжамдар жасады. Осылай көптеген ырымдар пайда болды, тіпті, мақал-мәтелдер де шығарды.

Біз студенттердің грамматикалық білімдерін бағалау және халқымыздың өзіндік қалыптасқан қағидаларымен таныстыру

мақсатында “Қазақ халқының қағидалары” тақырыбында ағымдық тест өткіздік. Енді сол тест бойынша үзінді ұсынамыз.

1. Ұйқасын тап: Қыстағы суық – жаздағы...

- а) жылы;
- ә) ыстық;
- б) салқын;
- в) аяз.

2. Мағынасына қарай тиісті сөзді көй:

Қарға қаңқылдаса ... шақырады,

Қаз қаңқылдаса ... шақырады.

- а) қысты; жазды;
- ә) көктемді; жазды;
- б) жазды; күзді;
- в) күзді; қысты.

3. Нөсер жаңбыр алдында не ойнайды?

- а) бала;
- ә) күн;
- б) найзағай;
- в) түн.

4. Жеміс ағаштары қайта гүлдесе, ... қыс жылы болады.

- а) өткен;
- ә) алдыңғы;
- б) бұрынғы;
- в) өткен жылғы.

5. Жаңбыр жауып тұрғанда суда көпіршік тұрса, жауын ұзақ... созылатын болады.

- а) -ке;

ә) -ға;

б) -та;

в) -қа.

6. Күн ерте күркіресе, ол жауын-шашынның мол болатынының несі?

а) сыңайы;

ә) түрі;

б) ыңғайы;

в) белгісі.

7. Көктемде жылқы ықтаса (ищут безветренную места), келер қыс қандай болады?

а) қатыгез;

ә) күшті;

б) қуатты;

в) қатты.

8. Венера (қандай планета?) жарқырап туса, егін, шөп, жеміс бітік шығады.

а) Ай;

ә) Темірқазық;

б) Жетіқарақшы;

в) Шолпан.

9. Наурыздан соң не болмас?

а) жаз;

ә) қыс;

б) сәуір;

в) тамыз.

10. Ит ұлып, жер тырнаса, басқаша мінез көрсетсе, жер қайтеді?

- а) үркеді;
- ә) сілкінеді;
- б) ренжиді;
- в) окпелейді;

11. Күн алған күркірегенде тілеген не қабыл болады?

- а) тілек;
- ә) сезім;
- б) ақыл;
- в) сана;

12. Жаңа өсіп келе жатқан нені жұлмайды?

- а) жануарды;
- ә) жәндікті;
- б) құсты;
- в) кокті;

13. Қазақтар қыс шілдесі деп атаған сақылдаған қандай аяз болады?

- а) сары;
- ә) жасыл;
- б) қара;
- в) сұр;

14. Қазақша жыл басы не ?

- а) жылан;
- ә) доңыз;
- б) барыс;
- в) тышқан;

15. Сәрсенбі күнін қазақтар қандай күн деп жоғары бағалайды?

- а) сәтті;

- ә) сәтсіз;
- б) киелі;
- в) жарық.

16. Дұрыс үйқасын табыңыз.

*Жаңбыры жоқ қақсыған .. сақта,
Әділін айта алмайтын аздан сақта.*

- а) кыстан;
- ә) суықтан;
- б) жаздан;
- в) аяздан.

17. Сабағы жаман жемістің несі де жаман?

- а) дәні;
- ә) дәмі;
- б) түрі;
- в) исі.

Сонымен белгіленген уақытта тест сұрақтарына жауап алынғаннан кейін студенттермен қиындық тудырған сұрақтар төңірегінде ауызша жұмыс жүргізуге немесе сол сұрақтарды жазып алып, үй тапсырмасы ретінде орындап келуге де болады. Бағдарламалық материалдан тыс ауық-ауық өткізіліп отыратын осындай жұмыстар студенттердің қазақ тілі бойынша сауаттылығын арттыруға біршама болса да септігін тигізеді деген ойдамыз.

Алтыя ИБРАЕВА,
кандидат педагогических наук,
профессор,
Аида БЕЙСЕНБАЕВА,
доктор педагогических наук,
профессор.

КОНЦЕПЦИЯ ФОРМИРОВАНИЯ, ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ ВУЗОВ РК

В Казахстане народное образование развивалось по двум направлениям: религиозному и светскому. Религиозное направление представляли мектебы и медресе, содержавшиеся на средства родителей. Обучение велось на арабском алфавите. Главным в обучении считалось механическое зазубривание суре Корана. Функции учителя выполнял преимущественно мулла, как правило, не имеющий представления об учебных планах и методике обучения.

В начале XX в. мектебы перестали удовлетворять возросшие запросы времени. Началось движение за реформирование конфессиональной школы, организаторами которого выступили джаддисты. Они предлагали заменить буквослагательный метод обучения звуковым.

Большое влияние на обучение казахскому языку был внесен И.Алтынсариним. В 1879 году И.Алтынсарин написал для учащихся русско-казахских школ два учебных пособия: "Киргизская хрестоматия" и "Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку". Педагог пропагандировал идеалы демократического просветительства, плодотворно трудился для развития национальной литературы и культуры, в области формирования казахского

литературного языка[1].

Влияние на дальнейшее развитие казахского языка оказал такой педагог как Ахмет Байтурсынов, который в 1912 году вывел новый алфавит казахского языка. Ахмет Байтурсынов исключил все чисто арабские буквы, не используемые в казахском языке, и добавил буквы, специфические для казахского языка. Новый алфавит, получивший название “Жана емле” (“Новая орфография”), до сих пор применяется казахами, живущими в Китае, Афганистане, Иране[2]. Ахмет Байтурсынулы разработал основы казахского языкознания, научную терминологию для определения казахской грамматики.

В образованности и культуре он видел решающий фактор социального прогресса. Для того, чтобы школьное образование было на должной высоте, считал он, нужны три условия: нормальное финансирование школы, обеспечение учащихся соответствующими учебниками и учебными пособиями, подготовка высококвалифицированных учителей.

Несмотря на то, что А. Байтурсынов создал новые условия для обучения казахского языка, продвижения в целях и принципах обучения в данный период не наблюдалась. Преобладал прямой подход к обучению казахского языка, за основную цель обучения выдвигалась общеобразовательная.

В 1922—23 годах приняты меры по обеспечению национальных школ учебниками (было выпущено 14 учебников на казахском языке), программами, а в 1929 году в республике состоялся переход от арабского алфавита на латиницу.

Огромное влияние на преподавание казахского языка в

рассматриваемый период оказал М.Жумабаев, который принимал активное участие в подготовке учебников для казахских школ. Он также публикует ряд статей по педагогике, психологии и методике в газетах и журналах. В 1922 году в Оренбурге была издана солидная и содержательная книга М.Жумабаева "Педагогика". В учебнике изложены основы педагогики, определены цель и предмет педагогики, раскрыты основные категории педагогики, сущность воспитания в узком и широком значении, выявлены основные направления воспитания[3].

Спустя год после выхода учебника "Педагогика" М.Жумабаев выпускает учебник "Родная речь в начальной школе", а течение последующих шести лет вышли: "Методы обучения в начальной школе" (1925г.), "Обучение грамоте" (1926г.), "Букварь для взрослых" (1929г.). В своих работах М.Жумабаев говорит о необходимости изучения родного языка наряду с историей, географией и культурой родного народа, знание фольклора, национальных традиций и обычаев, народных песен, игр, музыки, искусства и ремесел.

Воззрения М.Жумабаева дали мощный толчок для обучения казахского языка в школах и высших учебных заведениях. В учебных планах использовалось понятие "родной язык", изучалась история казахов, казахский язык на всех факультетах, независимо от основного языка обучения. Изучение национального языка в русских группах на факультете языка и литературы имело двойственное значение: использование знаний в области общего языкознания для сравнительно-сопоставительной характеристики разных языковых систем и общения.

1934 году в мае постановлением “О структуре начальной и средней школы”, по всему Советскому Союзу устанавливался единый тип школы, вводились единые учебные планы, учебники, принципы обучения и воспитания молодого поколения.

С 1937 года в Казахстане наблюдается спад роста количества школ для национальных меньшинств на фоне разгула репрессий, доносов и постепенного свертывания сложившейся системы многонационального образования. Волна сталинских репрессий захватила национальную педагогическую интеллигенцию. Многим были предъявлены обвинения в национализме, в подрывной деятельности при изучении русского языка, в специальной организации национальных школ как “очагов буржуазно-националистического, антисоветского влияния на детей”. 13 апреля 1938 г., руководствуясь постановлением ЦК ВКП(б) от 8 апреля 1938 г., Совнарком КазССР принял постановление “О реорганизации национальных школ”, где был поставлен вопрос о ликвидации сети школ многонационального образования и реорганизации их в обычные образовательные учреждения советского типа, за исключением некоторых начальных уйгурских, узбекских, таджикских школ, расположенных в местах компактного проживания этих национальностей (Южно-Казахстанская область).

С марта 1938 г. в учебные планы национальных школ был введен русский язык. Повсеместно развернулась активная работа по изучению русского языка, который постепенно распространялся и на сферу социального общения, тем самым вытесняя язык коренной национальности.

Более 700 казахских школ были закрыты, преобразованы в смешанные русско-казахские или русские. Более 600 тыс.

казахских детей обучались в школах с преподаванием на русском языке. Открылись более 1,5 тыс. смешанных русско-казахских школ. В связи с этим правительство Казахстана приняло постановление об изучении русского языка с 1-го класса.

Изучению русского языка уделялось особое внимание: в специальных средних и высших учебных заведениях занятия проводились только на русском языке. Казахский язык стал применяться преимущественно в бытовой сфере, и имел слабое влияние в сфере образования.

Проявилась опасная тенденция утери казахского языка, культуры и самобытности коренного этноса республики. Происходила стандартизация духовных ценностей, деградация национального, самобытного своеобразия народов.

В 1940 году была проведена вторая реформа казахского алфавита, который был переведен с латиницы на нынешний 42 буквенный алфавит на основе кириллицы, при этом сохранились все 33 буквы алфавита русского языка и добавились 9 букв для звуков казахского языка.

Қазіргі уақытта тәжірибелі педагогтар мен әдістемешілер қазақ тілін оқыту барысында техникалық құралдарды, атап айтқанда, проекциялық дыбысты жазып алатын аппараттарды, диафильм, видеофильм, теледидарды пайдалану сабақты жандандыратынын, оқушылардың сол пәнге қызығушылығын арттыратындығын, оздігінен ізденуі мен шығармашылық бағытта ізденістер жасауына мүмкіндіктер жасайтындығын дәлелдеп отыр. Техникалық құралдарды пайдаланып өткізілген сабақта оқушылар жалықпайды, жаңа оқу материалын қабылдауда олардың әр түрлі сезім мүшелері қатысады, оқуға қызығушылығы артып, түсіндірілген

материалдарды тез қабылдауына мүмкіндік туады. Әрине, техникалық құралдар мұғалімнің рөлін еш уақытта да атқара алмайды. Ол мұғалімге тек көмекшілік қызметін ғана атқара алады, оны бірсыпыра жұмыстардан босатады.

Сабакта техникалық құралдарды пайдаланудың жолдары. Техникалық құралдар дыбыстық, проекциялық болып бөлінеді. Соңғы кезде мектеп тәжірибесінде компьютерлік сынып, видео аппараттарын да қолданып жүр.

Сабакта магнитофонды мынадай максатта пайдалану керек: ерекше дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрету, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу тіліне жаттықтыру, классикалық, қазіргі кездегі музыканың граммофондық немесе магнитофондық жазуларды тыңдату.

Магнитофон қазақша өн үйретуде үлкен қызмет атқарады. Қазақша тақпақ айтуға үйретуде оның магнитофонға жазылған үлгісін қолдану ұтымды. Диафильм, диапозитивтердің мазмұнын магнитофон таспасына жазып, тыңдату да пайдалы.

Көрнекі құралдың түрлері әдіскерлік, педагогикалық тұрғыдан дұрыс жасалу үшін оған мынадай талаптар қойылады:

1. Көрнекі құралда берілген материалдың мазмұны мектеп бағдарламасына негізделіп, сөйлесімдері ұзақ, мәтіндері ауыр болмауы керек. Егер оқушылардың түсінігіне ауыр материалдар берілсе, оның көрнекілігі де шамалы болады.

2. Көрнекі құрал белгілі бір тілдік материалға арналып, соның негізгі белгілерін дәл көрсететіндей болуы керек.

3. Көрнекі құрал таза, өріптері анық, жазуы сыныпқа түгел көрінетіндей үлкен болуы керек.

4. Материалдың негізгі белгілері (өріптер мен сөздер)

қызыл сиямен жазылып, қалғандары жай сиямен жазылуы керек. Көрнекі құралды екі-ақ түрлі сиямен, өте қажетті болған жағдайда ғана үш түрлі сиямен жазуға болады.

5. Көрнекі құралда шартты белгілерді орынсыз көп беруге болмайды.

6. Ондағы берілген мәтіндер мен мысалдардың тәрбиелік маңызы күшті, тақырыптың ғылыми өзгешеліктеріне лайықты болғаны дұрыс. Қайшы пікір туғызатын мысалдар берілмеуі керек.

7. Оқушыларға тартымды және көрнекті болуы үшін оны көлемі кішкене қағазға жасауға болмайды. Оған арналған қағаздың ұзыны бір метр, көлденені 75 см болғаны дұрыс.

Көрнекілік әдісі – қазақ тілін оқыту әдістерінің ішінде орын алатын әдістердің түрі. Ол жаңа материалдарды түсіндіру сабақтарында да, өткен материалды қайталау, бекіту сабақтарында да кеңінен пайдаланылады. Мұғалімнің сөзі мен көрнекілікті ұштастыру – қазақ тілінің теориялық материалын оқушылардың саналы әрі берік меңгеруінің, практикалық дағдыларды игеріп, іскерлікке үйренудің негізгі шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. “Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі”.

“Тәжірибе алмасайық” журналы, 2003 жыл, № 1.

2. Н.Оралбаева. Қазақ тілін үйренеміз. А., “Мектеп”, 1989.

3. Н.Оралбаева. Қазақ тілін үйренеміз А., “Мектеп”, 1987.

Гүлгипа ЖҮНІСОВА,
Алматы қаласындағы
“Алматы - Үміт” мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Дидактикалық процесс ойдағыдай жүзеге асу үшін оқушыларды белгілі дәрежеде оқуға қызықтырып, ынталандыру қажет. Оған мұғалім өзінің шеберлігі арқылы және міндетті түрде қызықты, тартымды, өз бетімен білім алуға қолайлы құрастырылған мазмұн арқылы жеткізе алады. Оқушы өз бетімен ең төменгі деңгейдегі тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды толық орындап болғаннан кейін келесі деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында жарысу жағдайын туғызады, әр оқушының өз қабілетіне, шапшандығына сәйкес жоғары деңгеге көтерілуіне толық жағдай жасайды.

Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың білімін жаңа әдіспен, яғни, рейтинг жүйесі бойынша бағалауға мүмкіндік береді. Ол үшін тақтаның сол жақ шетіне оқушылардың тізімі ілінеді. Деңгейлік тапсырмалардың қаншалықты өз бетімен және дұрыс орындалып жатқанын бақылап отыру мақсатымен оқушы ұстаздың тексеруінен кейін оларды тақтада ілулі тұрған тізімдегі өз атының тұсына өзінің дұрыс дәптерінің соңында “+” белгісімен белгілеп отырады.

Барлық оқушы өз қызметін бірінші деңгейдің тапсырмаларынан бастайды. Әр оқушы оларды орындау арқылы 5 ұпай жинап, “зачет” алуға міндетті және келесі

деңгейге көшіп отырады. II деңгей үшін 10 ұпай қосып “4” алады да, III деңгей үшін 15 ұпай қосып, барлық жиған ұпай үшін “5” алды. Оқушының тақырыпты қаншалықты толық және терсең меңгергенін рейтинг жүйесімен анықтау - өте тиімді әдіс.

Деңгейлік тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай, ойлауын дамыту арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді, қызығушылығын арттырады, ізденушілікке баулиды.



- жеңілдетілген. Тақырыпты қарапайым білім мен түсінік деңгейде игеру.



- мемлекеттік білім стандартының талабына сай тапсырмаларды алған білімін қолдана біту және талдау деңгейінде игеру.



- жоғары күрделілік дәрежесіндегі тапсырмалар алған білімін топтау және бағалау деңгейіне бағытталған.

Осы тиімді әдістерді пайдаланудың арқасында көп жетістіктерге жеттік.

Деңгейлік тапсырмалардың бүгінгі күнде мемлекеттік тілді оқыту барысында көптеген нәтижеге жету үшін маңызы зор.

Модуль (7-сынып)

Лексикалық тақырып: Өнер - ағып жатқан бұлақ.

Грамматикалық тақырып: Сан есім, күрделі сан есім, реттік сан есім.

Бөлімі	Сабақ саны	Модуль мазмұны	Уақыты
Кіріспе.	1-сабақ.	1. Модуль құрамын түсіндіру. 2. Грамматикалық тақырып. 3. Создік жұмысы. 4. Лексикалық тақырып.	5 минут.
Сөйлесу	2-сабақ.	Мәтіндермен жұмыс.	45 минут.
	3-сабақ.	Грамматикалық жаттығулар.	45 минут.
	4-сабақ.	Топпен жұмыс.	45 минут.
	5-сабақ.	“Қарлы кесек” оқыта үйрету ойыны.	45 минут.
Қорытынды.	6-сабақ.	Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс.	45 минут.
	7-сабақ.	Тест. Аралық бақылау. 7-сынып.	45 минут.

7-сынып.

Сабақтың тақырыбы: Сан есімді қайталау.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: оқушылардың өткен сабақтарда сан есімнің

құрамдық және мағыналық түрлерінен алған білім-дағдыларын жүйелеу; сан есімдерді қалай меңгергендігін тексеру; сан есімдерді бір-бірінен қатесіз ажырата біту.

Дамытушылық: оқушылардың қабілетіне сай тапсырмалар беріп, байланыстырып сөйлеуді дамыту, өз ойларын еркін айта білуге, тиянақты, мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: мысалдар арқылы оқушыларға идеялық-саяси тәрбие беру, туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: қорытындылау сабағы.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: жинақтау, іздену, сөйлеу, сұрақ-жауап.

Сабақтың көрнекілігі: деңгейлік тапсырмалар, суреттер, рейтинг бағалау үлгісі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.




II. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Тақтада ілінген сызбада көрсетілген сандар арқылы тапсырмалар таңдап алу.




Аз саны бар тапсырмалар жеңіл, ал саны ұлғайған сайын тапсырмалар да күрделенеді. Жауап рейтинг түрінде бағаланады (түсіндіріп көрсету, деңгейлік тапсырмалар бойынша жасалады).

тапсырмалар	10	15	20	25	30	35
жаттығулар	10	15	20	25	30	35
сұрақтар	10	15	20	25	30	35




Тапсырмалар

			
10:	Ауызша шағын әңгіме құра (сурет бойынша жұмыс).	Сурет бойынша сан есімдерге сөйлесім құрау (3 сөйлем).	Бөлшектік сан есімдерге мысал келтіріп жаз
15:	Санларды сөйлет (корнекілік).	Күрделі сан есімдерді жаз.	19,52,50 сандарын жазба түрінде жаз.
20:	10,5,2 сан есімдерді мағынасына қарай жаз.	Реттік сан есімдерге сөйлем құра.	Суретке қарап күрделі сан есімдерге сөз тіркесін құрап жаз.
25:	Күрделі сан есім қатыстырып сөйлем құра.	Сан есімдерді қатыстырып сөйлем құра.	Күрделі, дара сан есімдерді жаз.
30:	Сан есім түрлеріне кластер құр.	7,8,3 сандарынан сөйлем құра.	Еселік сан есімдерге сөйлем құра.
35:	Оныншы, бесінші, екінші - жазылу емлесін түсіндіріп көрсет.	Сан есім құрамына кластер құр.	Реттік сан есімдерге мысал келтір.

Жаттығулар

		
<p>10: 1-тапсырма: 71,82,120 сандарын мағынасына қарай топтау.</p> <p>15: 2-тапсырма: сан есімдерді тіркескен сөз- бен бірге жазу.</p> <p>20: 3-тапсырма: сөйлем құрау.</p>	<p>1-тапсырма: 7,3,20 сандарын мағынасына қарай топтау.</p> <p>2-тапсырма: дара, күрделі сан есімдерді топтап жазу.</p> <p>3-тапсырма: сан есімдерге сөз тіркесін катыстырып жаз.</p> <p>4-тапсырма: сөйлеу үлгісі бойынша диалог құра.</p> <p>Мәтіннің іші- нен сан есім- дерді теріп жаз.</p> <p>Мақал-мәтел- дерден жинақ- тық сан есім- дерді теріп жаз.</p>	<p>4-тапсырма: кошіріп жазу.</p> <p>2-тапсырма: цифрларды жазумен жаз.</p> <p>3-тапсырма: күрделі сан есімдерді теріп жаз.</p> <p>4-тапсырма: сан есімдерді тауып жаз.</p> <p>1-тапсырма: сан есімдерді мәнсер- леп оқы.</p> <p>3-тапсырма: сұраққа жауап бер.</p>

Сұрақтар

		
10: Сан есімдер құрамына қарай нешеге бөлінеді?	Сан есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді?	Сан есім дегеніміз не?
15: Абайдың шын аты кім?	Мемлекеттік туды белгіленген күс?	Қазақстандағы қасиетті жер?
20: Реттік сан есім дегеніміз не? Қалай жасалады?	Реттік сан есімдер емлесін айт.	Реттік сан есімдердің жұрнақтарын ата.
25: Болжалдық сан есім дегеніміз не? Қалай жасалады?	Жинақтық сан есім дегеніміз не?	Есептік сан есім дегеніміз не?
30: Сан есімдердің жазылу емлесін айт.	Топтық сан есім дегеніміз не?	Бөлшектік сан есімдерге мысал келтір.
35: “Асар” сөзінің мағынасын қалай түсінесің?	Қазақтың ұлы ақыны кім?	Тәуелсіздік күні қашан?

Оқушылардың білім сапасы

	Аты-жөні	Оқу	Жазу	Диалог	Монолог	Түсініп тыңдау	Қорытынды	Денгей
1.	Әбзелбеков	5	5	5	5	5	5	I
2.	Андыров	4	4	3	3	3	3	II
3.	Бирюков	4	4	5	5	4	4	II
4.	Ережепбекова	5	5	5	5	5	5	I
5.	Левченко	4	3	4	4	3	4	III
6.	Мохова	3	3	3	3	3	3	III
7.	Ткалчиева	5	5	5	5	5	5	I
8.	Трупутнев	4	3	5	4	4	4	III
9.	Тухватуллин	4	4	4	3	4	4	III
10.	Зазуля	3	3	4	3	3	3	III
		70%		60%	80%	60%	60%	

Деңгейлік тапсырмалар арқылы тіл дамыту (5-сынып).

I деңгей. Мына сөздерді аудар:

познание мира -

природа -

воздух -

лес -

река -

шынығу -

сергіту -

пайдалы тағам -

шымыр -

ластану -

II деңгей. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қой. Қазақстан ... өте бай Адамдар ... қорғайды.

Сөйлемдерді аудар. Мен жазғы демалыста ауылға барамын. Ауылдың жапында озен бар. Біз суга шомылып, күнге қыздырынамыз, балық аулаймыз. Өзеннің суы таза, суық. Жағада ас ішіп, ойнаймыз. Суды, жағаны ластаймыз. Қоршаған ортаның тазалығын сақтаймыз.

III деңгей. Сұрақтарға жауап жаз. Қазақстанда қандай қолдер бар? Бакшала қандай ағаштар өседі? Жазғы демалыста дененді қалай шынықтырасың?

IV деңгей. “Денсаулық” тақырыбына әңгіме құрастыр.

Саяхат. Астана қаласы. 9-сынып.



“Астана” мәтінін қысқаша әңгімелеу.



Телсидидарды қосып, Астана қаласы туралы деректі фильм ұсынады. Міндет: Астана қаласының көрнекті орындарын көрнекі түрде көрсетіп, есте сақтау.



Тірек сызба бойынша өңгімелеп беру.



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАР ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ДӘЛДІК

Жоспарлы әрі бес жылға межеленген экономиканы ауыстырған нарық экономикасы адам өмірінің әлсуметтік деңгейін біркелкі ұстап тұру мүмкін еместігін дәлелдеді. Экономика – гректің “үй шаруасын жүргізу ережесі” деген / 1 / күрделі сөзінің ұғымынан бастау алып, тіршіліктің қозғаушы күшіне айналғанын бәріміз мойындаймыз. Жалған идеологияның жетегінде жүрген халық нарық билігі келгенде жалпылық түсініктен жалқылық әрекетке қалай ауысқанын білмей де қалды. Нарық сөзінің мағынасын ұғынбай тұрып, нарық ережесін әркім өз деңгейінде саралады. Кенес идеологиясы тұсында жағымсыз мәнді иеленетін тіркестер мен тілдік оралымдар жағымды сипатқа ие болып, “жұмыртқадан жүн қырыққандар”, “аузын қу шөппен сүрткендер”, “құныға-құныға сақалын күзеп сатқандар” жексе-жексе тұлғаға айналып, нарық экономикасының қызығын көріп бақты. Бұрын заң жолымен қудаланатын Спекулянт /саудагер, алыпсатар/ /2/, снді Коммерсант /саудагер/ /3/ мәртебесін меншіктеп, алыпсатарлығын заңды түрде жүргізе берді. Уақыт өте келе, бас-аяғы он жылдың ар жақ-бер жағында нарық экономикасының жүйесінде жиі қолданысқа ие болған экономикалық лағдарыс термині пайда

болды. Міне, осы тұста халықтың экономикалық сауаттылығына назар аудару қажеттілігі кокейкесті мәселелердің бірі екендігі ескеріліп, бұл сауаттылықты мектеп қабырғасынан бастау керектігі бағдарламаға енгізілді. Яғни, қаржылық сауаттылық қаржы мамандары үшін ғана емес, Мемлекетіміздің басты құндылығы болып саналатын әрбір азамат үшін қажет екенін түсіндік. Ендігі мәселе - сол оқушыға кейбір мамандарының өздері ұға бермейтін экономикалық ұғымдарды қарапайым түрде түсіндіріп, меңгерту. Өйткені әр жеке тұлғаның өзінің әлеуметтік жағдайын жақсартып алмай тұрып, мемлекеттік деңгейдегі мәселелерге араласуы немесе шешім қабылдауы қиынға соғады. Ал жеке меншікті нарық экономикасына балама санағандар сол экономикасын тұралатпай қоймайды. Сондықтан қаржылық сауаттылықтың алғашқы қадамы нарық экономикасы термині беретін ұғымды түсіндіруден басталуы керек. Бірақ экономикалық сөздіктерде берілген “нарық экономикасы – көсіпкерлік қызметке, шаруашылық есепке тауарлар мен қызметтерді баламалы айырбастауға сұраным мен ұсынымның реттелетін ара салмағына негізделген экономика” дейтін ережеге сүйенетін болсақ, ісімізден нәтиже шыға қоймайтыны белгілі. Сондықтан қазақ халқының ғасырлар бойы жайлы өмір сүруге, адал күн кешуге, күйзеліске көне білуге бағытталған тірлігінің куәсі – мақал-мәтелдері қаржылық сауаттылықты жетілдіруде тәжірибелік сынақтан өткізілген оқу құралының қызметін атқара алады. Қазақ халқында “Үйдегі бағаны базардағы нарық бұзалай”, “Арзан менен қымбаттың базар берер нарқы бар, жақсы менен жаманның адам берер нарқы бар”, “Малдың нарқын иесі

емес, базар айтар”, “Құдығына қарай – қауғасы, базарына қарай – саудасы”, т.б. секілді мақал-мәтелдер жеткілікті. Сонда нарық дегеніміз – базардың бағасы, жеке тұлғаның мүддесін көздейтін баға, тауардың түрлі амалдар арқылы құбылатын бағасы, Мемлекет тарапынан белгіленбеген еркін баға. Ал базар алыңсатардың емес, өнім өндірушінің бағасын нарықтың олшемі ретінде белгілеп, қалыпты жүйеге түсірсе, нарық экономикасы өміршеңдігін сақтайды. Жеке меншік үлесі коммерсанттық жолмен молайса, мемлекеттік тұрғыдағы нарыққа тигізер пайдасы шамалы. Жеке меншік кәсіпкерлік жолмен дамыса, нарық экономикасына белсенді ықпал етіп, елдің әлеуметтік жағдайының жақсаруына мүмкіндік тугызады. Қазіргі таңда шағын кәсіпкерлікті дамыту саясатының маңыздылыққа ие болуының себебі – осы. Өндірілген өнім көп болып, оны өндірушінің өзі саудаға салса, өрине, базардың нарқы төмендейді. ...Базарына қарай саудасы да жүреді. Осы қағидаларға сай әрекеттер өз жүйелілігін сақтамағаннан кейін, нарық экономикасындағы заңға қайшы келетін құбылыстар көбейеді. Соның бірі – сыбайлас жемқорлық. Мемлекетіміз “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес” заңын қабылдады. Бұл туралы халық даналығының тұжырымына назар аударайық:

- *Түйені – түгімен, биені – бүгімен;*
- *Құрғақ қасық ауыз жыртады;*
- *Парақордың табысына сенбе,*
Айлакердің көз жасына сенбе;
- *Көмейінің бүлкілі-теңге бердің төркіні;*
- *Жегені желкесінен шықты;*
- *Ішкені – ірің, жегені – желім болды;*

- Мың асқанға - бір тосқан;

- Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылды.

Нарық экономикасы сөздік қорымызға экономикалық қылмыс, экономикалық соғ тәрізді жаңа қолданыстарды енгізуімен қатар, олардың құқық саласындағы қызметін ұлғайтты. Осыған орай, қаржы саласындағы алаяқтық әрекеттер заң бабында жоқ әдіс-айлалардың қитұрқы түрлерін ойлап тапты. Жегені желкесінен шығып, заңмен құрықталғандары қаншама?! Бірақ “Түйені түгімен жұтқандар” емес, түйені жұтқандар жазаланатын жағдайлар қоғамымызда жиі кездесіп жатты. Мұндай көріністер адамзат тарихында ғасырлар бойы жалғасып келеді. Әйтпесе, “Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылмас” еді ғой. Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі экономикалық ұғымдар келген экономикалық терминдердің мағыналық баламасын / синонимдіктен де жақын / дәл бере алатынына сенімдіміз. Алайда мағыналық кеңею үдерісіне сай кейбір сөздердің қолданылу аясы ұлғаюы мүмкін. Әйтсе де, мақал – мәтел құрамындағы қызметінен ауытқымайды. Мысалы: нарық экономикасы өзімен бірге делдал терминін ілестіре келді. Яғни, скі тұлғаның арасында тауар саудасына қатысты қызмет жасап, өзіне тиісті пайда табушы. Әлемдік деңгейде маклер, брокер секілді “сыпайы” атаулары бар. Сауда саласында біреудің өнімін /еңбек етпей-ақ/ екінші біреуге ешбір қиындықсыз өткізу арқылы пайда табушы-делдалды ел жағымды қызметкер ретінде қабылдамаған. Сондықтан болар “Делдалды базарда көр, молданы мазарда көр” дейтіні.

Нарық экономикасымен бірге “құмар ойын” секілді баршаны қызықтыра келген қаржылық құбылыстың бірегейі

несие болды. Халық санасындағы қарыз ұғымына пайыздық үстемесін қосақтай жүретін бұл терминді оқушы түгілі бүкіл оқырман қауымы әлі күнге дейін толық ұғына алған жоқ. Экономикалық сөздіктегі несие – ақшалай немесе тауар нысанындағы несие, яғни, ақша немесе тауарлы қарызға және өдетте, пайыз төлеу шартымен беру. Пайыздық өтемін уақытында жаба алмағандар, несиені көсіп көзі емес, алыпсатарлық мақсатына пайдаланғандар дағдарыстың / күйзелістің десек те болады/ ошағынан бір-ақ шықты. Бұл жөнінде де қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі түйінделген ойларға көз тігейік:

- *Несиеге ет жесең, сүйегі ішегіңді жыртар;*
- *Несие жеме етті, қызартар бетті;*
- *Несие 10 сомнан нақ 1 сом артық;*
- *Несиеден өнгені – диірменнен шыққаны;*
- *Судың да сұрауы бар;*
- *Несиеінің қолы – қалтырауық.*

Көріп отырғанымыздай, несиенің жағымды жері жоқ. Жағымсыздығының себебі - пайызбен қайтарылымында. Ғылыми түрдегі ережеге қарағанда, көпшілікке несиенің мақал-мәтелдердегі сақтандыру ұғымы жете түсіндіруге қолайлы секілді. Егер қағидалық тұрғыда ұғындырылуы күрделі экономикалық ұғымдар кездесіп жатса, мақал-мәтелдер арқылы мағыналық сараптауға салу - әлдеқайда жеңілрек. Өйткені мақал-мәтелдердегі экономикалық ұғым - жексе терминнің түсініктемесін жай баяндау емес, образды түрде сол әрекеттің іс жүзінде болған сипаттамасын көз алдына елестету. Сөзіміз дәлелді болу үшін салыстырып көрейік:

Экономикалық терминдер	Мақал – мәтелдер
Қарыз	Қарыз күліп келеді, жылап кетеді. Кедейге қарыз бер де, амандығын тіле.
Кепіл, гарант	Біреуге кепіл тұрғанша, уысыңмен шок ұста.
Күн	Пұлсыз бердің, күнсыз алдың. Ит өтеуі — бір күшік. Қолдағының құны жоқ.
Сапа	Арзанның сорпасы татымас. Алтын базарында бағалы. Айыбы бар мал — арзан.
Есептеу, үнемдеу	Ақша кетуге тырысады, есеп ұстауға тырысады. Үзіп жеген үнем болмайды. Тарта ішсең, тай қалар. Есептемей бай болмас, есерсоқ болмай ер болмас. Береке — бір тиыннан.
Сауда, саудагер	Сауда садақпен тең, иілсе бір түзелмейді. Алушы мал таныса, сатушыға не тұрыс?! Бай бауырын танымас, сауда досқа қарамас. Саудагер алдымен досын алдайды, өзгелерді сосын алдайды.

СӨЗДІК ҚОРДЫ БАЙЫТҚАН ҚАЗАҚСТАН - МЕНІҢ ОТАНЫМ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: оқушылардың алған білімдерін саралай отырып, практикалық дағдымен салыстыру.

Дамытушылық: ойлау қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту, ауызша сөйлеу мәдениетін өрістету, сөздік қорын молайту.

Тәрбиелік: Отанды сүйуге баулу. Туған жерді аялауға, қорғауға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: қайталау сабағы.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, топпен жұмыс, жеке жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі: бейнелі суреттер, кітаптар, бейнетаспалар, слайд, нақыл сөздер, карта.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих, жағрапия, музыка, химия, ағылшын тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезені:

а) Оқушыларды түгелдеу және сабаққа даярлықтарын тексеру.

II. Сабақтың мақсатын айту.

Мүғалім:

- Бүгін, балалар, бізде ерекше сабақ. Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: “Сөздік қорды байытқан Қазақстан

- менің Отаным”. Біздің мақсатымыз: өткен сабақтарда оқыған тақырыптарың бойыпша алған білімдеріңді пысықтап, қорытынды жасаймыз. Әр азамат өзінің туған жерін, елінің тарихын, мәдениетін біліп өсуі керек.

Ең алдымен, біз Қазақстан Республикасының картасына шолу жасайық.

1) Біздің Қазақстанда қандай облыс орталықтары бар? (картадан көрсету)

2) Біздің Қазақстанда қандай ірі қалалар бар.

а) Қарағанды. Бұл қала немен бай? - көмір.

ә) Алматы - алма (апорт).

б) Атырау - мұнай.

в) Жезқазған - мыс.

г) Қызылорда - күріш.

д) Ақмола, Қостанай - бидай.

- Біз Қазақстан Республикасы картасы бойынша атакты қалаларды, байлықтарды көрсеттік, еске алдық. Ал, енді мынадай сұрақтарға жауап берейік:

а) Біз қай Республикада тұрамыз?

ә) Қазақстан қандай мемлекет?

б) Қазақстан Республикасының егемендігі қай жылы жарияланды?

в) Егеменді еліміздің тұңғыш президенті кім? Астанамыз қай қала?

г) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қай тіл?

д) Қазақстан халықтарының тіл мерекесі қашан аталып өтті?

- Ал, енді, біз екі тапсырманы кластермен бекітейік.

III. Қазақстан қандай мемлекет? (бір оқушы тақтаға шығып

кластер сызады).

(тәуелсіз, гүлденген, егеменді, бай, көп диаспоралы, бейбітсүйгіш, экономикасы дамыған, демократиялық).



IV. Грамматикалық тапсырмалар:

- а) Қазақстан - тәуелде;
- ә) Қазақ -жіктік жалғауларын жалға;
- б) мемлекет - септе (тақтаға орындау).

V. -Ал, енді, шағын сайыс өткізейік. Отан туралы өлең, мақалдарды еске түсіреміз.

Оқушылар 3 топқа бөлінеді.

VI. - Ал, енді, айтыңдаршы, егеменді, тәуелсіз ел болу үшін не керек?

- Ту, елтаңба, әнұранымыз болу керек.
- Дұрыс. Мемлекеттік рәміздер қашан қабылданды?
- Елтаңбамыз, әнұранымыз, көк туымыз бар. Оған өзіміздің ұлылардың суреті салынған көзге ыстық, көңілге жақын теңге келіп қосылды (тақтада елтаңба, ту, киіз үйдің, теңгенің суреттері).

VII. Мәтінмен жұмыс. “Сөздік қорды байытқан Қазақстан - менің Отаным”.

1) Жана сөздермен жұмыс:

- жарияланды - объявлен;*
- дербес - самостоятельная;*

бекітті - утвердил;
дамыған - развитая;
таңғажайып - удивительно;
елшілік - посольство.

(сөздерді оқып шығу, оқушылардың өздеріне оқыту, бәріне, жеке – орысша, қазақша сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастыру, тақтаға жазу, сөздерді керісінше тауып, орнына қою).

2) Мәтін.

Сөздік қорды байытқан Қазақстан - менің Отаным

Қазақстан - көп диаспоралы, егеменді мемлекет. Халқының саны - 17 млн. 1991 жылы 1 желтоқсанда тұңғыш президент болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіз ел болып жарияланды. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Елтаңбасын, мемлекеттік Туын және Әнұранын бекітті.

Қазақстан - құқықтық мемлекет. Қазақстанда 30 мемлекеттің елшілігі бар. Қазақстанның негізгі халқы - казак халқы. 1993 жылы қараша айында ұлттық ақша - теңге айналымға түсті.

Қазақстанның бас қаласы және астанасы - Астана қаласы. Астана Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан. Қазір Астана - өте өдемі қала. Оңтүстік астана - Алматы қаласы да таңғажайып әсем қала.

Қазақ жері - пайдалы кендерге өте бай. Қазақстан табиғаты өте әдемі, біз өз Отанымыздың табиғатын сүйеміз.

Тақырыпқа байланысты үш топқа тапсырма беремін.

1-топ - Солтүстік Қазақстан туралы не білесіңдер? Мәтін құрастырындар. (Бұл кезде интерактивті тақтадан табиғат көріністері, жан-жануарлар, құстар әлемі көрсетіледі).

2-топ - Астана туралы не білесіңдер? (интерактивті тақтада

қала көріністері).

3-топ - Табиғат байлығы туралы жазындар.

VIII. Қорытынды: - Бүгінгі сабақтың нәтижесін де өздерің шығарасындар.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Қарлығаш ӘБІЛҚАЙЫРОВА,
Қызылорда облысы,
Шиелі ауданындағы
“Көкшоқы” елді мекенінің
№127 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТІЛІ - ХАЙУАНАТТАР БАҒЫНДА

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: елімізді мекендейтін жануарлар жайлы әңгімелеу. Жабайы және үй жануарлары туралы білімін толықтыру. Есімдікті қайталау.

Дамытушылық: оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілетін, қарым-қатынас тілін жетілдіру. Сауаттылығын арттырып, салыстыра білу қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: туған жердің табиғатын сүйеге, жануарларды қорғауға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: топпен жұмыс, жұмбақ шешу, сұрақ – жауап, әңгімелеу.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, биология.

Көрнекілігі: суреттер, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен сәлемдесу. Кезекшімен диалог.
Оқушыларды сабаққа психологиялық жағынан даярлау.

II. Үй жұмысын тексеру, пысықтау.

III. Жаңа сабақ.

1. Жұмбақ шешу (Қызығушылығын ояту).

Қалдырмай баласын бір елі

Қалтаға салып ап жүреді.

(кенгуру)

Аңдығаны – той,

Қырғаны – қой.

(қасқыр)

Иір-иір денесі –

Сахараның кемесі.

Аңы шөптер тамағы,

Шөлге шыдап бағады.

(түйе)

Қаймықпайды күшті аңнан,

Қорқады тек тышқаннан.

(піл)

Оқушылар әр жұмбақты шешкенде жануарлардың суретін актив студио бағдарламасы арқылы электронды тақтаға шығарып тұрамын.

- Балалар, сендер не жайлы жұмбақ шештіңдер?

- Жануарлар жайлы.

- Қандай жануарлар жайлы?

- Жабайы жануарлар жайлы.

- Жабайы жануарларды сендер қайдан көріп тамашалайсыңдар?

- Хайуанаттар бағынан.
- Балалар, біздің бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы
- “Қарым-қатынас тілі — хайуанаттар бағында”.

2. Сөздікпен жұмыс.

арыстан — лев;

қоян — заяц;

керік — жираф;

піл — слон;

бұғы — олень;

қасқыр — волк;

жылан — змея.

3. Оқулықпен жұмыс.

1-тапсырма. Суретке қарап кестені толтыру. Сурет бойынша жазған сөйлемдерін оқыту.

2-тапсырма. Жаңылтпашты тез өрі дұрыс айтуға жаттықтыру. Үш топқа ор түрлі жаңылтпаш беріледі.

I топ:

Қапыда ит қапты,

Қатты қапты.

Қапты қатты.

II топ:

Бұл бір піл,

Піл бір бұл,

Бір бұл піл.

III топ:

Көп ешкі көк шөпті жейді,

Көк шөпті көп ешкі жейді.

3-тапсырма. Деңгейлік тапсырмаларды орындау.

4. Жануарлар жайлы қызықты мәліметтер.

Жануарлар ішіндегі шөлге ең шыдамдысы — түйе. Ол шөлдегенде 50 литрге дейін су іше алады екен.

Кірпігі жоқ болғандықтан, ұйықтағанда қоянның, балықтың және жыланның көзі жұмылмайды.

Торт аяқты хайуандар ішіндегі ең жүйрігі — қабылан. Ол сағатына 150 шақырымға дейін жүгіреді.

Табиғатта өмір бойы аяғынан тік тұрумен өтсін жануарлар бар. Олар - пілдер. Африкада ересек пілдердің жатқанын ешкім көрген емес. Олар кейде шаршағанда ғана сояу тістерімен ағашқа сүйсініп тұрып ұйықтайды.

4. Оқушылардың әңгімелеу, есте сақтау қабілетін тексеру.

Сыныптан екі оқушы шығып, есіктің сыртында тұрады. Бір оқушы ертегіні дауыстап оқып шығады. Сырттағы бір оқушы сыныпқа кіреді. Ертегіні дауыстап оқыған оқушы оған ертегіні өз түсінігі бойынша әңгімелейді. Сырттан екінші оқушы кіреді, оған ертегіні тыңдаған бірінші оқушы әңгімелеп береді. Ал бұл оқушы ертегіні сыныпқа айтып береді.

Арыстан мен түлкі

(Ертегі)

Арыстан қартайды. Аңдарды аулай алмайтын болды. Арыстан үңгірде жатып алды. Ол аңдарды айламен ауламақшы болды.

Ол: “Аурумың, жүруге әлім жоқ”, - деп барлық аңдарға хабар берді. Аңдар бұл хабарды естіді. Олар арыстанның халін сұрауға келді. Бәрі де арыстанға жем болды. Бір күні Арыстанға түлкі келді. Ол үңгірден алысырақ тұрды.

- Халің қалай? — деп көңілін сұрады.

- Халім нашар, жақын кел, - деді Арыстан.

Түлкі: - Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған келген із бар да, қайтқан із жоқ қой, - деп жүгіріп кетті.

5. Әрі оқу, әрі ойын. “Ұйқасын тап”.

Есімдіктерді тауын, түрін ажырату.

Өзінше ноян,
Қорқақ кім?.. (қоян).
Маңайын түгел көріп,
Биіктен қарайды... (керік).
Құйрығы он қарыс,
Бұл — айбатты ... (жолбарыс).
Тауда жүрген тарғыл аң,
Ол — қайратты... (қабылан).
Айбат шегер алыстан,
Аң патшасы — ... (арыстан).

6. Электронды тақтадағы аласқан әріптерден жануарлардың атауын құрастыр.

үітлк, ложсыраб, ркіек, сарыант.

Жануарлардың атауына фонетикалық талдау жаса.

Т — дауыссыз, қатан;

Ү — дауысты, жіңішке, еріндік, қысаң;

Л — дауыссыз, үнді;

К — дауыссыз, қатан;

І — дауысты, жіңішке, езулік, қысаң.

IV. Сабақты бекіту.

Блиц-турнир.

- Өмір бойы аяғынан тік тұрумен отетін жануар?
- Тек мұхитта ғана өмір сүретін қандай жануар?
- Хайуандар ішіндегі ең жүйрігі қандай жануар?

V. Бағалау.

Үйге тапсырма: Жануарлар туралы ертегі құрастыру.

Алмагүл ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
Астана қаласындағы
№ 59 мектеп-лицейдің
казак тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛ БАЙЛЫҒЫ - АЛМАТЫДА

Сабақтың мақсаты:

1. Қазақстанның астаналары туралы мәлімет беру;
2. Туған жерге сүйіспеншіліктерін арттырып, елтануға баулу;
3. Олең, мақал-мәтелдер, диалог арқылы оқушылардың тіл байлығын, ой-өрісін дамыту.

Сабақтың түрі: дәстүрлі емес.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, ойландыру, іздену, баяндау, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, география.

Көрнекіліктері: қалалардың көріністері, мәтіндер, үлестірме қағаздар, ұшақ.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен амандасу, сабақтың мақсатын түсіндіру. Ойын арқылы топқа бөлу. “Атом, молекула” ойыны.

Өлең оқу. “Туған жерім тамаша!” М.Әлімбаев (оқушы орындайды).

- Балалар, бүгінгі сабағымыз саяхат түрінде өтеді.

Сендер Қазақстанның астаналарын білесіңдер ме? Олар қандай қалалар?

- Орынбор, Қызылорда, Алматы, Астана.

- Үнді осы астаналарға саяхатқа барайық.

- Немен барамыз?

- Ұшақпен.

Диалог. “Ауа-райы” (сұрақ-жауап).

- Балалар, ауа райы туралы не білдік? Ұшақпен ұшуға бола ма?

- Иә, болады.

- Онда ұшамыз. Алдымен билет алайық (оқушылар билет алады, бұл - дайындалған тапсырмалар). Бес жолды олең жазу.

1. Зат есім.

2. Сын есім.

3. Етістік.

4. Сөйлем.

5. Синонимдер.

1-топ. Қала. 2-топ. Отан. 3-топ. Мереке.

Билет алдық, енді ұшамыз.

2. Жаңа сабақ.

- Қазақстанның ең бірінші астанасы қай қала болған?

- Орынбор.

- Балалар, біз Орынборға келдік. Осы қаламен танысайық.

Танысу үшін мына сөйлемдерді орысшадан қазақшаға аудару керек.

1. Оренбург - первая столица. Оренбургский край в то время считался казахской землей.

- Балалар, енді қайда ұшамыз?

- Қызылордаға.

Қызылорда туралы білу үшін мына тапсырманы орындайық:

Берілген сөздерден дұрыс сөйлем құрастырындар.

1. Болған, Қазақстанның, Қызылорда, астанасы, екінші.

2. Бұрын, деп атаған, Қызылорданы, Ақмешіт.
3. Орналасқан, бойында, ол, Сыр, сұлу.
4. Қала, үлкен, қазір, Қызылорда.
5. Бізге, ақ, күріш, келеді, бұл қаладан.
6. Қызылорда, орналасқан, оңтүстікте.

Саяхатымызды жалғастырамыз.

- Қазақстанның өсем қаласы қай қала?

- Алматы.

Бізді экскурсия жетекшісі күтіп тұр.

а) Сурет бойынша әңгімелеу. Алматы туралы екі оқушы айтады. “Үлкен мұз айдыны (бір оқушы әңгімелейді).

ә) Өлең оқу. “Алматы”, “Медеу” (2 оқушы).

Жұмбақтарды шешу.

1. *Әрі қызыл, әрі тәтті,
Көрген жанды таңырқатты. (алма)*
2. *Сырты тәтті, іші тәтті,
Ортасы сүйек қатты. (өрік)*
3. *Көк ала костюм киеді,
Күннің көзін сүйеді. (қарбыз)*

3. Балалар, Қазақстанның жаңа астанасына ұшамыз ба?

Бұл қай қала?

Астана туралы білу үшін оқушыларды тыңдайық.

Диалог. “Астана қаласы”.

Өлең оқу.

Көш бастап елдің сұлу жас қаласы,
Жан-жаққа Ақмоладан қанат жайды.

Ақмола – Қазақстанның астанасы

Ақмола – бар қазақтың Бас қаласы. (К.Салықов)

4. “Астана” мәтінімен жұмыс.

Қазақстан Республикасының астанасы - Арқаның торіңде орналасқан Астана қаласы. 1997 жылы астана Ақмола қаласына көшірілді. 1998 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының аты Астана деп өзгертілді.

Астана рәмізі - Бәйтерек. Бәйтерек - әсем, биік ғимарат, сол жағалаудың коркі. Қазіргі кезде Астана — ең сұлу жас қала. Астанада ғажап зәулім ғимараттар салынып жатыр. Астананың сол жағалауында Елбасының Резиденциясы, Ақорда, Парламент, Қорғаныс министрлігі, т.б. ұйымдар мен мекемелер орналасқан.

1 топ. Оқу, аудару.

2 топ. Сұрақтар құрастыру.

3 топ. Сөз тіркестерін жазу.

- Балалар, туған жер туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

Мақал-мәтелдермен жұмыс.

1. *Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.*

2. *Туған жердің ауасы да шипа.*

3. *Туған жердің жуасы да тәтті.*

4. *Отан - оттан да ыстық.*

5. *Отансыз адам - ормансыз бұлбұл.*

6. *Еліңді сүйсең, ерлік істейсің.*


4. Венн диаграммасы.

Алматы

Ортақ

Астана

қасиеттері



5. Шығармашылық жұмыс.

1-топ. Алматы қаласы.

2-топ. Астана қаласы.

3-топ. Қызылорда қаласы.

Әр топ туристік орталық, өз қаласы бойынша жарнама даңғылын жасайды (рекламный проспект).

Әр агенттік өз қаласының символын салады.

Саяхат картасын құрастырады. Әр қаланың болашақта даму жоспары жасалынады.

6. Топтық жұмыс нәтижесі.

Әр топ өз жұмысын қорғайды.

7. Сабақтың қорытындысы. Рефлексия.

- Балалар, сендерге саяхат ұнады ма? Менің бүгінгі сабақтан алған әсерім Менің қалам болашақта ... Менің қаламның дамуына қосар үлесім.... (оқушылар сөйлемдерді ақтайды).

8. Үй тапсырмасы: Саяхаттан алған әсерлері туралы шағын шығарма жазу.



Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Петропавл қалалық білім бөлімінің әдіскері Кереева Сәуле Әбуқызының “Әдебиет - халықтың рухани байлығы” атты оқу-әдістемелік құралында қазақ әдебиетін орыс тілінде білім беретін мектептерде оқытудағы соңғы бес жылда Петропавл қаласы ұстаздарының жинақтаған ізденістері мен іс-тәжірибесінің үлгілері қамтылған. Аты аталған еңбектің өте аз таралыммен жарық көргенін және осы қала мұғалімдерінің іс-тәжірибесін республика көлемінде әріптестерінің көздеріне жарайтындығын ескере келіп, “Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті” айдары бойынша әр нөмір сайын тұрақты жариялап отыруды жөн көрдік.

Редакциядан

Айтжан ҚОЗЫБАЙҚЫЗЫ,
Петропавл қаласындағы
№ 9 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ӘДЕБИЕТ - СӨЗ ӨНЕРІ

I бөлім

5-сынып

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға халық өмірінде сөз өнерінің алатын орны, қазақ халқының әдебиеті туралы түсінік беру.
2. Оқушыларды жаңа оқулықпен таныстыра отырып, жаңа пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, жаңа сөздер арқылы тілдерін байыту.
3. Қазақ халқының мәдениетіне сүйіспеншілік сезімдерін ояту, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Кітаптар: “Ертегілер”, “Мақал-мәтелдер”,

“Қазақ халқының ұлттық ойындары”, кеспелер, тақтаға “Сергіту сәтінің” сөздері, жаңа сөздер.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Жаңа сабақ.

1. Мұғалімнің сөзі:

- Балалар, сендер бастауыш сыныптан келдіңдер. 1-4 сыныптарда қазақ тілі сабағында қазақ халқының ақын-жазушыларымен таныстыңдар, олар туралы оқыдыңдар, өлеңдерін жаттадыңдар, 5-сыныптан бастап қазақ тілі мен қазақ өдебиеті сабағы бөлек өткізіледі. Бүгін дәрісімізді кіріспе сабақтан бастаймыз. Біз сабақта әңгімелесеміз, ойнаймыз, жаңа оқулықтармен танысамыз.

2. Әңгімелесу.

- Балалар, бірінші қыркүйек қандай мереке?
- Бұл мереке туралы не айта аласыңдар?
- 1-ші қыркүйек күні аналарың бірге келді ме?
- Сендерді қай мұғалім қарсы алды?
- Кім сөз сөйлейді?
- Сендердің кабинеттерінің нөмірі нешінші?
- Кабинет әдемі ме?
- Ал, енді кестелерге назар аударайық.
- Суреттерде не көріп тұрсыңдар? Әңгімелеп беріңдер.
- “Жарқын жүзді ұстазым” деген өлеңді кім оқып береді?
- “Ұстазым” деген сөзге синоним сөзді естеріңе түсіріңдер.

3. “Мектеп” сюжеттік ойыны:

- Балалар, сендер қай сабаққа келдіңдер?
- Бұл сабақта не істейміз деп ойлайсыңдар?

- Ал, снді, балалар, бой сергіту сәтін өткіземіз.

4. Дәптерге бой сергіту сәтінің сөздерін жазу.

Оңға, оңға,

Түзу тұр.

Солға, солға,

Түзу тұр.

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым,

Жоғары, томен қарайық,

Орнымызды табайық.

5. Бой сергіту сәті сөздерін үйрену.

6. Жаңа оқулықтармен танысу.

- Ребята, кто мне скажет, что такое литература? Что можно узнать из литературы?

- Балалар, 5-сыныпта біз мына екі кітаппен жұмыс істейміз: 1) Әдебиет. Оқу кітабы, авторлары Г.С.Құрманбаева, Ф.Ш.Оразбаева, А.К.Рауандина және 2) “Хрестоматия”, авторы Г.С.Құрманбаева. а) “Қымбатты 5-сынып оқушылары” мәтінін мұғалім оқиды (“Оқулық”, 3-б.).

ә) Сұрақ-жауап.

- Кім біледі? Пән деген сөздің орысша аудармасы қалай? (тақтада)

- Балалар, жаңа пәннің аты қандай?

- Бұл пән сабағында біз немен танысамыз?

- Мына сөздердің мағынасын (тақтада) кім түсінді? (Қазақ ауыз әдебиеті, қазақ халқы, шығарма, қазақ әдебиеті, ертегі, аңыз-әңгіме, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, тұрмыс, мәдениет, өнер, әңгіме, мазмұндама, сауатты жазу, кейіпкерлер)

- Қазақ әдебиеті сабағында не істейміз? Дәптерлеріңе

жазындар.

б) Дәптерге жазу: “Қазақ әдебиеті сабағында әңгіме айтып, мазмұндама жазып үйренеміз, еркін сөйлейтін боламыз. Қазақ тілінде дұрыс оқып, сауатты жазуға жаттығамыз”.

- Балалар, қазақ әдебиеті сабағына екі дәптер керек: бірінші - жұмыс дәптер, екінші - сөздік. Жаңа сөздерді сөздіктеріне жазып алындар.

в) “Жас достарыма хат” (Хрестоматия, 3-б) мәтінін мұғалім оқиды.

г) Сұрақ-жауап:

- Балалар, не түсіндіңдер?

- Жаңа оқу жылдарың құтты болсын! Қалай түсінесіңдер?

- “Хрестоматияда” не бар?

д) Сөздікке жазу: өлеңдер, ойындар, бақытты өмір, дос болайық.

е) Кітаптарды көрсету: “Ертегілер”, “Мақал-мәтелдер”, “Қазақ халқының ойындары”.

III. Қорытынды (жауап қазақ, орыс тілдерінде).

- Ребята, мы что с вами делали сегодня на уроке?

- Чем мы будем заниматься на уроках казахской литературы?

IV. Үй жұмысы:

1. Вспомнить и рассказать отрывок из стихотворения на казахском языке.

2. Выучить слова, которые записали в тетрадь и физминутку.

3. Читать стр. 3 в обоих учебниках и перевести.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Қ.Мырза Әли өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беру. Бай шығармашылық мұрасымен таныстыру. Жас буынды поэзия нәрімен сусындату. Оқушылардың поэзияға, қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.

Дамытушылық: оқушының сөйлеу тілін ұштау, өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге дағдыландыру, логикалық ойлау қабілетін жетілдіру. Шығармашылық қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: ақын жырларынан үлгі алып, өз Отанын сүйуге, халқын құрметтеп, қонақжайлық, сыйластық, адамгершілік пен мейірімділік қасиеттерін бойларына сіңіре білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жаңа материалды меңгерту.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: талдау, сұрақ-жауап, жинақтау, топтастыру.

Пәнаралық байланыс: тарих, орыс тілі, музыка пәні.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, буклеттер, ақынның портреті, кітаптары.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезені: оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.

Психологиялық кезең. (Оқушыларға бөйтерек суреті салынған қағаз кеспесі таратылып беріледі. Оқушылар таратылған қағазға бір-біріне тілектер жазып, тақтадағы “Білім

ағашына” іледі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Интерактивті тақтада сұрақтар жазылған.

- 1) О.Сүлейменов кім?
- 2) Ол шығармаларын қай тілде жазған?
- 3) О.Сүлейменов қандай халықаралық қозғалысты басқарады? Бұл қозғалыс қандай нәтижеге жеткізді?
- 4) Ол ақын ғана емес, ол өз халқының тағдырын ойлаған адам. Бұндай адамды кім деп атауға болады?
- 5) “Адамға табын, Жер, енді” поэмасын кімге арнады?
- 6) Ақынның ұлттық рухын қандай өлеңдерінде көреміз?
- 7) “Арғымақ” өлеңін жатқа оқу.

III. Жаңа сабақ.

- Қадыр Мырза Әли Орал облысында туған. Қазақ поэзиясындағы аса көрнекті ақындардың бірі. Қадыр Мырза Әли – Қазақстанның халық жазушысы. Бұрынғы ҚД әнұранының сөзін жазған авторлардың бірі. Алғашқы өлең 1954 жылы “Пионер”, қазіргі “Ақ желкен” журналына жарияланып, тұңғыш “Көктем” өлеңдер жинағы болып басылып шықты. Бастауыш сынып балаларына арналған жұмбақ, жанылтпаш, ертегі мен әңгімелері қазақ балала әдебиетінің дамуына үлес қосты.



Қызметі:

ҚазҰУ-ды бітірген. “Балдырған журналының бас редакторы, “Жұлдыз” журналының редакторы. “Жазушы” баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі болды. 1973 жылы Қазақстан Жазушылар одағы поэзия секциясының меңгерушісі.

Балаларға арналған кітаптары:

“Кішкене қожанасырлар” (1961 ж.), “Ноян Қоян” (1962), “Алуан палуан” (1963 ж.), “Сабақ” атты кітаптары, т.б.

Жыр жинақтары:

“Домбыра” (1971), “Дала лидары” (1966), “Қорамсақ” (1980), “Көкпар” (1981), т.б.

Қалыр Мырза Әлидің суреті

Драмасы:

“Қасқыр қақпан”, “Сақалдың саудасы”, Махамбеттің соңғы күндеріне арналған “Жаралы жолбарыс”.

200-дей өлеңіне ән жазылып, ән жинақтары болып шықты. “Атамекен” әні Е.Хасанғалиев, “Өз елім” әні Н.Тілендиев, “Алғыбақан” әні, Ә.Бейсеуов.

Аудармалары:

Г.Гейне, М.Лермонтов, С.Есенин, Р.Гамзатовтың, О.Сүлеймовтың жыр жинақтарын қазақ тілі аударған.

Құрманғазының “Адай” күйі тыңдалады.

- Көз алдарыңызға не елестейді? (Той, қуаныш, жарыс, жайлау, дәстүр, ұлттық ойындар)

- Қазақтың ұлттық рухы, дәстүрі, қазақтың қуанышы, кең жайлауы, туған жерге сүйіспеншілігі, шексіз халқын сүйетіндігі “Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру” олеңінде ерекше байқалады.

1. Сөздік жұмысын жүргізу.

Сәйгүліктің жал-құйрығы - рашкошный хвост скакуна;

кокпар тартып - козлодрания;

аңғал-саңғал - нерасторопный;

ағыл-тегіл - в достатке;

жібек шапан жабады - шелковый шапан подарить;

құдайындай сыйлайтын - уважать как бога.

2. Өленді мәнерлеп оқу.

3. Топтастыру. Мәтінге сүйенс отырып, қазақ халқының бейнесін топтастыру.



- Қазақ халқының қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?

- Кейіпкерлері кімдер?

4. Қазақ халқының қонақжайлылығы, жақсы қасиеттері туралы, тіл жөніндегі мақал-мәтел интерактивті тақтадан көрсетіледі, жалғасын сәйкестендіру.

1. Жақсы жаныңа жолдас, ...

2. Құтты қонаққа -

3. Бірлік болмай, ...

4. Құтты қонақ келсе, ...

5. Сыйлап берсе,

1. Қой егіз табады.

2. Тірлік болмас.

3. Тәтті тамақ.

4. Суын іш.

5. Жаман малыңа
жолдас.

5. Венн диаграммасы:

О.Сүлейменов	Ұқсастығы	Қалыр Мырза Әли
1. Невада - Семей.	Ақын, ұлттық рух, дәстүр, Отан, тілін құрметтеген.	Драмалық, прозалық шығармалар жазған.
2. Қоғам қайраткері.	Шығармалары көптеген тілдерге аударылған.	Бастауыш сынып балаларына арналған өңгімелер, ертегілер, жұмбақтар жазды.
3. Елші.		
4. "Адамға табын, Жер-ана!" поэмасы.	Жазушы ҚазҰУ-ді бітірген.	О.Сүлейменовтің
5. Орыс тілінде жазады.	Жазушылар Одағының мүшесі.	"Атамекен" жыр жинағын қазақ тіліне аударған.

6. Фильм түсірген.	Газет, журнал редакторы. Туған жерге деген сүйіспеншілігі зор. Әлебиетке үлкен үлес қосты. “Тарлан” сыйлығының иегері.	Өлеңдеріне өн жазылған.
--------------------	--	-------------------------

6. “Адай” күйі ойналып тұрады. “Қазақстан - бірлік пен ынтымақ елі” атты эссе жазу.

Сабакты қорытындылау, бағалау.

- Еліміздің ұлы тұлғалары Олжас пен Қадыр ағаларымыздан үлгі алып, еліміздің адал азаматы болыңыздар. Еліміздің ертеңі - Сіздер! Еліміздің гүлденуі, бақытты болуы – Өздеріңіздің қолдарыңызда! Елімізге қызмет ете біліңіздер.

Үйге тапсырма: Өлеңнен үзінді жаттау. Ақынның өмірбаянын мазмұндау.



Бякыш МҮЗДЫБАЕВА,
Ольга КОПАНЦОВА,
Қарағанды облысының
Абай ауданындағы
№ 12 жалпы білім беретін
орта мектептің
казак тілі мен әдебиеті
және бейнелеу өнері
пәндерінің мұғалімдері.

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Сабақтың мақсаты:

1. Халық ауыз әдебиеті бойынша жалпы білімдерін тиянақтау, ой-өрісін, тілдерін дамыту.

2. Ертегі мазмұны бойынша қарапайым мазмұнды сурет салу, шығармашылықпен әрекет етуге бағыттау.

3. Халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, сол арқылы имандылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа тәрбиелеу.

Сабақта қолданатын әдіс-тәсілдер: пікір айту, сұрақ-жауап, іздендіру, шығармашылық жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі: сюжеттік суреттер, көртішкелер, кітаптар.

Пәнаралық байланыс: қазак әдебиеті, бейнелеу өнері.

Сабақтың түрі: кіріктірілген сабақ.

Сабақтың барысы:

I. Үйымдастыру кезеңі.

1. Оқушылардың сабаққа психологиялық дайындығы.

II. Жаңа сабақ.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Әдебиет пәні барлық пәндермен өте тығыз байланыста

болып келеді. Соның ішінде, өзі де өнер пәні болып саналатын себепті, ол бейнелеу өнері пәнімен ерекше гармониялық үндестікте жүріп отыруы керек. Бүгін біз халық ауыз әдебиетінен өткенді қайталаумен қатар ертегі мазмұны бойынша қарапайым суреттер саламыз.

Сабағымыздың эпиграфы: “Мақал, жаңылтпаш, ертегі, жыр — мұның бәрі — жанды сөз, ішінде — сыр” (І. Жансүгіров).

Сұрақ-жауап:

- Балалар, қазақ ауыз әдебиетіне нелер жатады?

- Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі түрлері:

а) тұрмыс-салт жырлары;

ә) мақал-мәтелдер;

б) жұмбақтар, жаңылтпаштар;

в) ертегі;

г) эпостық жырлар;

ғ) лиро-эпостық жырлар, т.б.

- Тұрмыс-салт жырларын атаңдар.

- Наурыз жырлары, төрт түлік малға арналған жырлар.

- Төрт түлік малға нелер жатады?

- Төрт түлік малға: қой, сиыр, түйе, жылқы жатады.

- Мал иелерін атаңдар.

- Жылқы иесі — “Қамбар ата”.

Сиыр иесі — “Зеңгі баба”.

Түйе иесі — “Ойсылқара”.

Қой иесі — “Шопан ата”.

Ешкі иесі — “Шекшек ата”.

- Балалар, “Малдың баласын сүюі” өлеңін кім айтып бере алады?

- Ең көп тараған мақал-мәтел тақырыптары қандай?

- Отан, достық, оқу-білім, еңбек, денсаулық туралы.

- Ауыз әдебиетінің шағын жанрлары – жұмбақтар мен жаңылтпаштарға тоқталайық, қане, кім айтады?

а) жұмбақ деген не?

б) қандай жұмбақтарды білесіңдер?

в) жаңылтпаштар қалай айтылады?

г) қандай жаңылтпаш білесіңдер?

2. Екінші мұғалім сөзі:

- Любите ли вы сказки? Вспомните, как в детстве, когда не умели читать, вы рассматривали картинки в книжке, пытаетесь понять сказку, вглядываясь в образы сказочных героев. Они помогали вам понять характеры героев: добрые они или злые, хитрые или простодушные, смешные или печальные, глупые или умные. Только в сказочной иллюстрации можно было прикоснуться к волшебному ковру самолету, сапогам-сороходам, скатерти-самобранке.

А легко ли создать иллюстрацию? Что для этого необходимо знать и уметь? Очень много. Ко мне в руки попали иллюстрации к известным сказкам. В них художник допустил много ошибок. Найдите их и исправьте.

Выводим первое правило: Если вы мечтаете попасть в сказку и создать на картине волшебный мир, читайте внимательно больше сказок, превращайтесь в разных героев, вместе с ними преодолевайте сказочные трудности. А самое главное, рисуйте своих друзей и “**Знайте содержание сказки**”.

3. Бірінші мұғалім.

- Ал, енді, балалар, ауыз әдебиетінің көлемді салаларының бірі – ертегі, сондықтан осы тақырыпты жалғастырайық.

Ертегілерде не бейнеленген?

- Халық мұңы, арманы, тұрмыс-салты, тарихы, өдет-ғұрпы бейнеленген.

- Ертегілер неше топқа бөлінеді?

- Ертегілер үш топқа бөлінеді: қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар туралы.

- Оларды үш топқа кім бөлген?

- Оларды үш топқа Мұхтар Әуезов бөлген.

- М.Әуезов кім?

- М.Әуезов — қазақ халқының ұлы жазушысы.

- Қиял-ғажайып ертегілерінде не туралы әңгімеленеді?

- Қиял-ғажайып ертегілерінде өмірде болмайтын нәрселер туралы әңгімеленеді.

- Хайуанаттар туралы ертегілерде не суреттеледі?

- Хайуанаттар туралы ертегілерде елдің бақташылық тұрмыс-тіршіліктері суреттеледі.

- Тұрмыс-салт ертегілерінде бас кейіпкерлер кімдер?

- Тұрмыс-салт ертегілерінде бас кейіпкерлер — халық өкілдері.

- Балалар, “Қаңбақ шал”, “Түлкі мен ешкі” ертегілердің қай түріне жатады?

- Ал, енді, талдайық:

Бас кейіпкерлерді атаңдар.

Қосалқы кейіпкерлерді атаңдар.

Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді атаңдар.

4. Екінші мұғалім.

- В сказках очень часто персонажами являются животные. Для достоверного изображения животных, встречающихся в сказках надо больше делать набросков, эскизов, а для этого нужно внимательно наблюдать за животными, запоминать

их внешний вид, особенности, повадки, характер.

Валеологическая разминка.

- Я приготовила рисунок-загадку. Для того, чтобы решить эту задачу необходимо проявить внимание, наблюдательность, зоркость, воображение и ответить на вопрос “Какие животные здесь спрятаны?”

(дети выходят по очереди и показывают).

Отсюда выводим второе правило: “Будь внимательным и наблюдательным”.

5. Бірінші мұғалім (*Тақтаға суреттер ілінеді*):

- Балалар, мына суреттерге карап, ертегіден осы оқиға жайлы айтылған жерін тауып оқындар.

(Балалар оқулықтан тауып оқиды).

- Балалар, хайуанаттар, жануарлар жайындағы ертегілерде халық солардың мінездері арқылы адамдардың бойындағы жақсы мінез-құлықтарды, сол сияқты, мінезіндегі ерсілік-оғаштықтарды түспалдаған.

Осыны дәлелдейік.

- Ертегілерде түлкі қандай?

- Ертегілерде түлкі – айлакер, қу, сұм.

- Арыстан қандай?

- Арыстан – зорлықшыл, озбыр.

- Қоян ше?

- Қоян – қорқақ.

- Ал кой қандай?

- Кой – момын.

- Қасқыр ше?

- Қасқыр – зұлым, жауыз адамның мінезін білдіреді.

6. Екінші мұғалім.

Чтобы передать национальный колорит, настроение сказки необходимо проникнуться духом казахского народа. Этому способствуют национальные орнаменты, которыми украшают одежду и жилище, а также – музыка (звучит күй Құрманғазы).

Выводим третье правило: **Работай с хорошим настроением.**

7. Қорытынды:

а) Бірінші мұғалім:

- Біз бүгін халық ауыз әдебиеті туралы әңгімеледік. Ауыз әдебиетінің түрлеріне тоқталдық. Сурет салу срежелерін шығардық. Қазақ тілінде көп сөйледік. “Білім - бұлақ” деген қазақтың мақалы бар. Осы бұлақ азаймасын деп сендерге тілеймін.

ә) Екінші мұғалім:

- Дома вы закончите работу над иллюстрацией. И на следующем уроке мы проверим насколько точно ваш рисунок соответствует всем трем правилам иллюстрации.

8. Бағалау.

9. Үй тапсырмасы:

а) Бастаған суреттерін аяқтау.

ә) Откенді қайталау.





Несіпжан СӨРСЕНОВА,
Алматы қаласындағы
№118 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МАМАНДЫҚ

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: мамандық тақырыбы бойынша өткен сөздерді еске алып, сөз тіркестерін пайдалана отырып, сөйлем құрау. Сұрақтарды түсініп, дұрыс жауап бере білу. Мамандықтар туралы оңгімелей біту.

2. Тәрбиелеу: балаларды әдептілікке, еңбексүйгіштікке, Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Әр мамандықтың өзіндік ерекшеліктерін түсініріп, барлық мамандықтардың өзіне лайық қадір-қасиеті бар екендігін, басты мұраты - елге қызмет көрсету екенін түсіндіру.

3. Дамытушылық: оқушылардың сөздік қорын молайту, логикалық ойлау қабілетін дамытып, қазақ тілінде сөйлей білуге үйрету.

Сабақтың түрі: аралас сабақ, алған білімді топтастыру.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, кезекшімен сұхбат.
Сабақтың тақырыбын, мақсатын түсіндіру.

II. Фонетикалық жаттығу: жіңішке дауысты дыбыстар:

Сабағыңа дұрыстап әзірленсең - еңбек,

Қиындықтың бәрін еңбек қана жеңбек.

а) Хормен, жеке-жеке оқу, түсіну.

ә) Жіңішке сөзлерді табу.

б) Қандай сөздерді жіңішке сөздер деп атайды

III. Тіл дамыту. “Асхана”. Сұрақ-жауап. Әңгіме.

Біздің мектепте асхана бар. Асхана бірінші қабатта. Асханада аспазшылар жұмыс істейді. Аспазшы тәтті, дәмді тамақ пісіреді. Мен асханаға барамын. Асхана таза, жарық, әдемі. Асхана маған ұнайды.

1) Асханада не бар?

2) Ол нешінші қабатта?

3) Асханада кім жұмыс істейді?

4) Аспазшы қандай тамақ пісіреді?

5) Сен асханаға барасың ба?

6) Асхана қандай?

7) Асхана саған ұнай ма?

IV. Үй тапсырмасымен жұмыс: Өткен тақырыпты еске алу, суретпен жұмыс:

1) Мынау кім?

2) Дәрігер не істейді?

3) Дәрігер қандай мамандық?

4) Дәрігер болу үшін қайда оқу керек?

5) Дәрігер не киеді?

6) Сенің дәрігер болғын қала ма?

Соңынан дәрігер туралы әңгімелесу.

V. Сергіту сәті:

Бір, екі, үш, төрт

Бір, екі, үш, төрт.

Қарлығашқа үксайық,
Қане, канат жазайық.
Қарлығаш боп ұшайық,
Ұшып-ұшып алайық!

VI. Жана сабақ. Нәтиже сабақ. “Мамандықтар”.

1. Мамандықтар. 1-тапсырма, 52-бет.

2. Суретпен жұмыс және схемамен жұмыс:

- | | |
|------------------------------------|-----|
| а) Мынау – мұғалім. | + |
| ә) Мынау дәрігер емес. | - |
| б) Мынау – мұғалім, дәрігер емес. | + - |
| в) Мынау аспаз емес, дәрігер емес. | -- |
| г) Мынау – дәрігер. | + |

3. Біз мамандықтар туралы айтып болған соң, “Кім не істейді?” сұрағы бойынша жұмыс істейміз. Тақтадағы корнекілікті пайдалану.

- Мұғалім не істейді?

- Наубайшы не істейді?

4. Менің дәрігер болғым келеді. Әңгімелесу.

- Сенің кім болғың келсіді?

- Менің мұғалім болғым келеді.

5. Ойын: “Қатені тап”.

- Мұғалім адамды емдейді.

- Жоқ, мұғалім балаларды оқытады.

- Аспазшы құрылыста істейді.

- Жоқ, аспазшы асханада жұмыс істейді.

- Наубайшы үй салады.

- Жоқ, наубайшы нан пісіреді.

- Дәрігер бала оқытады.

- Жок, дәрігер адам емдейді.

VII. Сабақты бекіту.

1) Суреттерді тарату.

Мынау - мұғалім. Мұғалім бала оқытады. Мұғалім мектепте жұмыс істейді.

Мынау - аспаз. Аспаз тамақ пісіреді. Аспаз асханада жұмыс істейді.

2) Жазбаша жұмыс: ... бала оқытады.

VIII. Сабақты қорытындылау. Біз сабақта не істедік?

а) Біз дәрігер туралы айттық.

ә) Мамандықтар туралы өңгімелестік.

б) Бізге сабақ өте ұнады.

в) Бағалау, мақтау-малақтау.

IX. Үйге тапсырма: Менің өкемнің мамандығы. Өңгімелесу.

Бақыт СЕГІЗБАЕВА,
Алматы қаласындағы
І.Жансүгіров атындағы
№130 гимназияның
казак тілі мен өдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БІЗ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙМІЗ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: ертегі әлеміне қызығушылығын қалыптастыру. Ертегі, өңгіме кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың іс-әрекеттерін бағалауға үйрету.

Дамытушылық: оқушылардың қисынды ойлау әрекетін, шығармашылығын жандандыру. Сауатты сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Өңгімені түсінгенін өз ойымен айтып жеткізе білу қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: әңгіме, ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы, жақсы қасиеттерге баулу. Топпен жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа, мейірімділікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Тілді құрметтеуге, сүйеге тәрбиелеу.

Сайыс сабақтың жоспары тапшыстырылады.

Оқушылар 3 топтан тұрады.

1-сайыс. Әр сынып бір-біріне сұрақ қояды.

2-сайыс. Мақал айтудан қай топ көп біледі?

3-сайыс. Жұмбақ айту, келесі топ шешеді.

4-сайыс. Қай топ өлең, тақпақ көп біледі?

5-сайыс. Өздері білетін тақырыпта “Сөйлесе білу”.

Дүкенде, вокзалда, т.б.

6-сайыс. Корініс қою.

Ескерту: Мұнда әр топтың өзінің белгілерінің алдында саңдықша тұрады.

1. Сол саңдыққа әрбір дұрыс жауапқа 1 жұлдызшадан салынып тұрады.

2. Қай топ өлеңді өнімен орындаса, оған 2-жұлдызша беріледі.

3. Сөйлесуді дидактикалық құралдармен көрсетсе, олар 3 жұлдызшаны еншілейді.

4. Әр коріністің киімдеріне, сөздеріне, мазмұнына байланысты ең жақсысына 5 жұлдызша, одан кейін 3 жұлдызша, соңғысына 2 жұлдызша беріледі.

Сайысты 2 оқушы жүргізеді.

1-сайыс. 4^б сынып. “Мақта қыз бен мысық” тобы.

4^в сынып. “Әке мен бала” тобына сұрақ қояды.

1. Сенің Отаның қалай аталады?

2. Сен Отаныңды жақсы коресің бе?

3. Қазақстан қандай мемлекет?

4. Рәміздерін ата.

5. Қазақстанның неше астанасы болған?

4^б сынып. “Әке мен бала” тобы: “Алдар көсе”.

4^в сынып тобына сұрақ қояды:

1. Сенің отбасың қандай?

2. Сен күн тәртібің туралы айт.

3. Сенің досың бар ма? Ол қандай?

5. Астана туралы айт.

4^г сынып. “Алдар көсе” 4^б сынып “Мақта қыз бен мысық” тобына сұрақ қояды:

1. Мына сөйлемді аудар: “Асың дәмді болсын”.

2. Мына есепті шешіңдер:

Үстелде 2 әке, 2 бала отыр, олардың алдында - 3 алма.

Оларға 3 алманы қалай бүтіндей бөліп бересіңдер?

3. Сенің мектебің қандай?

4. Ауылда, қалада не бар, не жоқ?

5. Сен Наурыз туралы айтшы.

2-сайыс:

Әр топ өздері білетін мақалдарын айтады, қай топ көп білсе, сонша жұлдызша алады.

3-сайыс: Өлең, тақпақ айтып жарысу, оқулықтағы тақпақтарына қосып, өздері білетін, өздері құрастырған тақпақтарын айтады.

4^г сынып, “Алдар көсе” тобы: “Атамекенді” айтты.

4^в “в” сынып. “Әке мен бала” тобы: “Қазақ тілі” өні орындалды.

4-сайыс: Жұмбақ айтысы.

“Мақта қыз бен мысық” тобы:

1. Қолыңа үйкесең,
Кетіп кір ласын,
Тап-таза боласың.
Бұл не? (сабын)
2. Шомылған баланы,
Аймалап алады.
Сипайды қолыңды,
Сипайды жоныңды.
Бұл не? (сүлгі)
3. Иілсең - иіліп,
Түйілсең - түйіліп,
Ұқсайды ісі де
Істеген ісіне.
Бұл не? (айна)
4. Ақ түсті
Жер үсті.
Бұл қай мезгіл? (қыс)
5. Аяғы біреу, қолы жоқ,
Шиыр-шиыр жолы көп.
Өзі сөйлей білмейді,
Салған ізі сойлейді. (қарындаш)

“Әке мен бала” тобы:

1. Қыста жер бетін басады,
Жазда сайға қашады. (қар)
2. Дегендей әдейі тимесін
Алыпты қадап мың инесін. (кірпі)

3. Қыста үйге кірмейді
Көктем шықса жүрмейді (шана)
4. Ақ саңдығым ашылды
Ішінен жібек шашылды. (Күн)
5. Белі бүкір, алысқа түкір. (мылтық)

5-сайыс: Әр топ әр түрлі тақырыпта сойлесе білу қабілетін көрсетеді.

4б сынып. “Коконістер дүкенінде”.

4в сынып. “Әусжайда”.

4г сынып. “Екі дос”.

6-сайыс. Көріністер қою.

4б сынып. “Мақта қыз мен мысық” тобы оқушыларының тиісті көрнекіліктері болды.

4в сынып. “Әке мен бала” әңгімесі бойынша көріністі тамашалатты. Онда да қолдан жасалған таға көрнекілік құралға айналды.

4г сынып. “Аңдар көсе” ертегісі бойынша көрініс көрсетті.

Кейіпкерлер тиісті костюмдер киді (ат, қамшы, шапан болды).

Бағалау. Әр топтың жұлдызшалары саналды.

Үйге тапсырма: әр топ келесі топтың қойған көріністерін әңгімелеп беруі керек.



Нүргүл БЕГАЛИНА,
Гүлдәш ШҰҚМАНОВА,
Астана қаласындағы
менеджмент және бизнес
колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.

“ТӘРБИЕ БАСЫ - ТІЛ”

1-жүргізуші:

- Қайырлы күн, құрметті қонақтар, оқытушылар, оқушылар! Күздің жайма шуақ күнінде сіздермен “Тіл мерекесінде” кездесіп отырмыз. Шексіз үлкен аймақты алып жатқан Қазақстанда жүзден аса ұлттың өкілдері өмір сүреді. Егеменді ел үшін тіл мерекесі үлкен қызмет атқарады. Өйткені, тілге құрмет – елге құрмет. Тіл – халық қазынасы, бабалар аманаты.

Сіздерді Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күнімен құттықтаймыз! Еңбекте, оқуда мол табыс, зор денсаулық тілейміз!

2-жүргізуші:

- Поздравляем вас с началом учебного года! Пусть он принесет вам уверенность в себе, радость общения, светлые улыбки даже незнакомых людей! Посмотрите налево и улыбнитесь! Посмотрите направо тоже улыбка! Как это здорово, когда люди понимают и ценят друг друга!

3-жүргізуші:

- Dear students! Dear teachers! We congratulate you with the Kazakhstan people's languages Day! Be healthy, wealthy in everything you do.

We congratulate you with the beginning of the school year.

We want you to be self – confident, the enjoyment of communicating, good smiles of all people. Look at the right and smile. Look at the left and smile. It's great when people understand and appreciate each other!

(ағылшын тілінде құттықтау)

Әнұран орындалады.

1-жүргізуші:

- Халықтың сақталуы – тіліне байланысты. Тіл-халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Тіл байлығы – әр елдің мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалған баға жетпес мұра. Сондықтан да ор адам ана тілін қадірлеуге міндетті.

Біздің ана тіліміз - ананың ақ сүтімен бойға сіңген асыл қазынамыз.

Бабаларымыздан жол тартқан асыл мұраны сақтап, өркендете берейік.

Горобец Надежда:

- Қуан, халқым!

Қуанатын күн бүгін!

Тіл заңының

Күшіне енген күн бүгін!

Қазақ тілі - Ата-анаң,

Қуат алар Отан да одан.

Дүниеде ешбір асыл

Тен келмейді қатар оған!

Қазақ тілі - қасиеті бабамның,

Қыр-сыры көп кеңдігіндей даламның.

Тіл - мәртебе, ұлт мерейі, сәніміз,

Мәңгі-бақи шырқалатын өніміз!

1-жүргізуші:

- Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра! (Қадыр Мырза Әли)

Біздің колледжде талантты оқушыларымыз да бар. Солардың бірі – Тұрымтай Ақтілек. Ол сіздердің назарларыңызға өзі шығарған олеңін және Құрманғазының “Балбырауын” күйін ұсынады.

2-жүргізуші:

- Язык всегда на видном месте. За речью пристально следим. Страна сильна, когда мы вместе: казах, русский и мордвин. И в этом дружном хороводе родной язык играет роль: он, как курок, всегда на взводе, и важен, как войскам-пароль.

Слово - корабль, летящий, легкий и воздушный, знакомый и любимый всеми “Казахский танец”. Исполняет группа девушек.

1-жүргізуші:

- Саған біздің колледждің қыздарының өлемі биі ұнады ма?

2-жүргізуші:

- Да, девушки очень красиво танцевали. В нашем колледже – самые красивые девушки!

- Валерия, сен кай мектептен келдің?

1-жүргізуші:

- Мен Астана қаласының орта мектебінен келдім. Енді мен өз қалам – Астана туралы әсем ән орындап беремін.

2-жүргізуші:

- Валерия, рахмет саған! Біз қандай бақыттымыз! Өйткені

Астана қаласында тұрамыз!

Ершова Полина:

Үш бақытым

Ең бірінші бақытым – халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін.

Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,

Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.

Ал, екінші бақытым – тілім менің,

Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей-кейде дүниеден түңілсем де,

Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген

“Кім мықты?” десе біреу, Отан дер ем.

Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?

Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен! (*Мұқағали Мақатаев*)

2-жүргізуші: - Мы счастливы тем, что живем в независимом государстве и началом всех начал является школа.

Дархан – “Мои школьные года” (песня).

1-жүргізуші:

- Сен неге осы “Менеджмент және бизнес” колледжін тандадың?

2-жүргізуші:

- Жана ашылып жатқан колледж болғандықтан бірінші түлегі болғым келді. Біздің колледжде әл ұлттың өкілдері оқиды. Сіздердің назарларыңызға өзбек, ұйғыр билерін ұсынамыз.

1-жүргізуші:

- Біз бір шаңырақтың астында гүлденіп келе жатқан тәуелсіз Қазақстан мемлекетінде тұрамыз. Біздің байлығымыз:

туған жеріміз, тіліміз, салт-дәстүріміз, тарихымыз, бірлігіміз.

Біздің колледждің келесі оқушылары сіздерге Отан, тіл, туған өлке жайлы ақындарымыздың шығарған өлеңдерін айтып береді.

Жогио Анастасия – “Туған өлкем”;

Каптанова Анастасия – “Туған тіл”;

Круглова Ольга – “Сүйемін туған тілді”;

Үсенова Мәдина – “Тіл туралы”;

Казанцева Лидия – “Ана тілі”;

Жапаров Алмат – күй.

2-жүргізуші: “Қазақстанның болашағы – жастардың қолында”.

Куликова Алена. “Мен жастарға сенемін”.

1-жүргізуші:

- Осымен “Тәрбие басы – тіл” атты Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне арналған мерекеміз аяқталды. Келесі кездескенше! Сау болыңыздар! Білім жолындағы сәбіктеріңіз жана берсін!



Эльшод ЖҰМАЕВА,
Қызылорда облысының
Қазалы қаласындағы
М.Горький атындағы
№16 орта мектептің
9-сынып оқушысы.

ТУҒАН ЖЕР - АЛТЫН БЕСІГІМ

Жоспары:

I. Кіріспе.

Ел елдік, туған жерді киіс тұтқан.

II. Негізгі бөлім:

а) Туған жердің құдіреті;

ә) Елбасы туған жер туралы.

III. Қорытынды.

Туған жерге тілек.

Туған жер туралы жыр да, қара сөзбен жазылған шығармалар да әрбір халықтың әдебиетінде мольнан кездеседі.

Бұдан біз әр халықтың туған жерін ардақ тұтып, анасындай қастерлейтінін байқағандаймыз. Біздің қазақ халқы да туған жер қадірін жас ұрпақ бойына, санасына бала кезінен-ақ сіңдіруге ұмтылатындығын туған жер жөнінде жазылған мақал-мәтелдерден, аңыздар мен батырлық жырларынан көреміз. “Ит - тойған жеріне, ер - туған жеріне” немесе “Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас” деп, ерекшелен көрсетеді. Туған жерін сағынғанда патшалығын да тастап, елге тартқан Бейбарыс баба туралы аңыз да жүрекке жылы.

Бұлардың бәрінен шығатын қорытынды – әркімге туған жері, туған елі қымбат екендігі.

“Егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалып”, ел қорғаған батыр бабаларымыз бен аналарымыздың бізге қалдырған аманатындай туған елімізді қорғау, нығайту - әрбірімізге парыз.

“Елің үшін отқа түс - күймейсің” дегендей, туған елінің бостандығы, жерінің азаттығы үшін күрескен әр замандағы ардақты ерлерін туған елі ешқашан ұмытқан да емес, ұмытпақта емес.

“Өзі елі өз ерлерін ескермесе,

Ел тегі алсын қайдан кеменгерді?!”, - демекші, туған елі барда ержүрек ұлдары мен қыздары халық жанында мәңгі сақтала бермек.

Доңгеленген дүние, сен бір ғажап әлем екенсің! Сені көркем тілмен суреттеу үшін адамның жан дүниесі де өзіндей көркем, кең, ырыс-берекеге толы болуы керек екен-ау! Мен соны ұқтым, туған жерім! Сен менің қиял-гажайып ертегімсің, туған жерім - Қазалым!

Осынау батыстан шығысқа қарай созылып жатқан кеңбайтақ Қазақстан жерінде дүниеге келген менде арман жоқ шығар, сірә?!

О, туған жер! Сенің қадіріңді кім білген? Аз ғана уақыт сенен ашақ кетсем, бір нәрсеңді жоғалтып алғандай сезінемін. Көңілім күлазып сала береді. Соншалық адам жанын тебірентер қандай күдіретің бар? Ақырында, сенен күш алып, қанаттанатынымды түсіндім. Акын Фариза апамыздың:

- О, туған жер, қасиетті топырағың,

Сендік махаббатымның оты жалын.

Сені қалай сүюдің керектігін

Мен ешқандай кітаптан оқымадым.

Сенде тас та қастерлі, аспан да алау,

Сенде жанды тербетер дастан бар-ау!

Мына менің өмірге құштарлығым

Сені жақсы көруден басталған-ау! - деп жырлауы бекер емес екен. Мен соны жаныммен сезіндім. Осыншама қуаныш, кереметтей бақытты шақ сыйлайтын туған жерді көзіміздің қарашығындай қорғап, сақтауымыз керек.

Жазы - жайлау, қысы - жылы, күзі - алуан түрлі жемісті, көктемі - көркем Қазалыны еш жермен тең көрмедім.

Қаланың қақ ортасында - қаздай тізілген жасыл желектер! Жастарға жол сілтеп тұрған жерлесіміз, “Шығыс жұлдызы” атанған Ғаппи ағамыздың ескерткіші де алыстан қоз тартады. Шет жақтан туған жерінді сағынып келгенде, бейне бір ертегілер еліне еніп кеткендей күй кешесің! Өміріңнің осындай өсем сәттерін, тасқа жазылған “сынадай” мәңгі есте сақтайсың.

“Туған жердің күні де - ыстық, түні де - ыстық” деп халық бекерге айтпаса керек. Туған жерін шын жүрегімен сүйетін адамға оның түні де жап-жарық, қысы да жып-жылы көрінеді. Бетіңнен самал жел желпіп өткенде, осынау кең дүниеге сыймай, еркінсі жонелесің. Туған жердің әрбір көк шөбі, әрбір гүлі санаңда әдемі көрініс қалдырады. Тіпті, әрбір тасына дейін ыстық, қымбат!

Қазалының адамдарын айтсаңшы! Жаны - жайсаң, кең пейіл, дархан көңіліне қайран қаламын! Беттерін әжім басқан асыл әжелер мен ақылғой аталарды көргенде, қонағасырдың шежіресін білгендеймін. Әсіресе, әсерін жасыра алмай, ешкімді де, ешнәрсені де елемей ойындағысын ақтарып салатын қала тұрғындарының періштедей пәк көңіліне еріксіз ерисің.

Қалай айтсақ та, туған жердің күдіреттілігін ауызбен айтып, қаламмен жазып, тауыса алмаспыз, сірә?!

Тамыры терең, тарихы кенен, Қазалы! Мен сенің ұрпағыңмын! Ең алғаш кіндік қаным тамған жер, қайда жүрсем де, сенің туынды биік ұстауға тырысамын. Осынау дүниеден саған тең келер бір де бір қала таба алмадым. Таба алмайтын да шығармын. Сендей киелі жерде дүниеге келген мен, әрине, бақыттымын!

Менің туған жер жайлы толғанысымды Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мынау ойларымен сабақтай кетсем артық болмас деймін: “Тәуелсіздіктің қайта оралғаны - біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлық азаттық күресінің заңды өтеуі. Жаратқан Иенің жасаған әділдігі.

Ата-бабаларымыздың осыншама байтақ жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалғанының арқасы. Мұндай жер болмаса, мұндай ел де болмас еді”.

Иә, мұндай жер болмаса, мұндай ел де жоқ. Мен үшін елімнің қай қиыры болсын - ыстық та қимас мекен!

Тәуелсіздікке қол жеткізген осынау жарқын күндерде менің туған өлкемде, байтақ Қазақстанда, бүкіл әлемде тек бейбітшілік болса екен деймін.

Туған жерді біздер, жас ұрпақ сүймесек, оның ертеңі не болмақ?

Туған жер туралы толғанысымды “өлсеңі өртке тиген дауылдай” Қасым ақынның жырымен аяқтамақпын:

Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім,

Қызығыңды көріп еркін келемін.

Сен де аямай бердің маған барыңды,

Мен де аямай барым саған беремін!

Донғеленген әлемнің бір бұрышында ғана орналасқан туған жерім - Қазалым! Сен әрқашан менің жұлдырықтай жүрегімнің төріндесің!

Ақбота МЫРЗАХАНОВА,
А.Иассауи атындағы
халықаралық Қазақ-Түрік
университетінің
ізденушісі.

ГАЗЕТ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты – өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, оған жетудің бірден-бір жолы әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Сондықтан да білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жетілдіру, инновациялық технологияларды өмірге окелу, жан-жақты дамыған, рухани жетілген жас ұрпақты қалыптастыру – кезек күттірмейтін мәселе.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында “оқығуды ұйымдастыру қағидаларын және оқушының білім-білікті, дағдыны “енжар алушыны” танымдық процестің белсенді субъектісіне өзгертуді тілді үйретудің басты қазығы ретінде ұстану белгіленген. Бағдарламада сонымен бірге ғылыми-әдістемелік, материалдық-техникалық және кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету, тілдің қоғамдық өмірдегі қызмет аясын кеңейту шараларымен қатар оқу орындарында тілді оқыту мен үйрету әдістемелерінің сапасын жақсарту, тілдерді оқытудың төлтума бағдарламалары мен жаңа технологияларын өзірлеу мәселелеріне айрықша назар аударылған. Елбасы Н. Назарбаевтың: “... Бізге бұрынғы қай кездегіден де білім мен ғылымның баға жеткізгісіз қорын барынша арттыру,

оны қазіргі заманға сай ету қажет” [1] деген сөзі егеменді елімізде білім, ғылым мәселесіне мемлекет тарапынан қаншалықты көңіл бөлініп отырғанын дәлелдеп көрсетеді.

Ғылым адам баласы ой-санасының, дүние танымының осуіне байланысты бірте-бірте дамып, қалыптасады. Ғылымның алуан түрі бар. Соның бірі – қазақ тілін оқыту әдістемесі. Әдістеменің зерттейтін объектісі, мақсаты, зерттеу әдістері қалыптасқан жүйесі бар.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі лингвистика, логика, педагогика және психология ғылымдарымен тығыз байланысты.

Әдістеменің лингвистикаға байланыстылығы, біріншіден, ол оқылатын пәннен жеке дара қаралмайды. Атап айтқанда, тіл білімі жөніндегі материалдың мазмұнына орай әдіс-тәсілдерлі таңдау, қолдану, олардың жолдарын көрсету, жаттығу мен дидактикалық материалдарды таңдап, іріктеумен тікелей байланысты. Мысалы: фонетиканы оқытумен байланысты түрлі фонетикалық талдау жасау, әріптерді, дыбыстарды дұрыс айта білу, ал сөз таптарын оқыту барысында морфологиялық талдау, түрлі салыстырулар, жалғау мен жұрнақтың ара жігін ажырату сияқты әдіс-тәсілдер қолданылады. [2]

Әдіс - (грек тілінен аударғанда “белгілі бір нәрсеге жол”) мақсатқа жету тәсілі деген мағынаны береді. Оқыту әдістері – оқыту үдерісінде қабылдаулар мен жеткізіп түсіндіре білудің бірігуінен көрінетін оқытушы мен оқушының арасындағы қарым-қатынас. Бүгінгі таңдағы оқытуда оқыту үдерісі - оқытушы мен оқушылардың белгілі бір білімді, дағдыны, қабілетті игеруге деген мақсатынан құрылған арақатынасы. Оқыту әдістерін зерттеушілерде кездесетін проблеманың көбі - “әдіс” түсінігі көп қырлы болғандықтан, оқыту әдісі әрбір жағдайда оқытушы арқылы құрылып отыруы керек. Кез келген оқыту қызметі актісінде үнемі бірнеше әдістер үйлесіп

отырады. Әдістер үнемі педагогтар мен оқушылардың өзара әрекеттерін жан-жақты көрсете отырып, бір-біріне өзара кірігіш кетеді.

Дидактикада оқытушының таңдаған оқыту әдістері қаншалықты көп аспектіден құрылған болса, оқу үдерісі барысында соншалықты жоғары және сапалы оқу-тәрбие нәтижелері аз уақыт ішінде-ақ көрініс таба алады деген заңдылық бар.

Оқыту әдістерін үйлестіру, таңдау барысында келесі критерийлерді басшылыққа алу керек:

1. Әдістердің оқу принциптеріне сәйкестігі;
2. Оқу мақсаттары мен тапсырмалар сәйкестігі;
3. Берілген тақырыптың мазмұнына сәйкестігі;
4. Оқу мүмкіндігінің оқушылардың: жас ерекшелігі, психологиялық, дайындық деңгейіне (білімділігіне, тәрбиелілігіне және дамуына) сәйкестігі;
5. Оқуға кеткен уақыт пен қолдағы бар шарттардың сәйкестігі;
6. Оқу көмекші құралдарының мүмкіндігіне сәйкестігі;
7. Оқытушылардың өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкестігі.

Бұл мүмкіндіктер олардың тәжірибелері, талапшылық деңгейі, билік доминанттығының өзгеше ерекшеліктері, педагогикалық қабілеті, сондай-ақ оқытушының жеке қасиеттері арқылы анықталды.

Оқыту әдістерін үш топқа бөлуге болады:

1. Пассив әдістер;
2. Актив әдістер;
3. Интерактив әдістер.

Бұл әдістердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Әрқайсысына жеке тоқталып өтейік.

Пассив әдіс. Мұнда оқытушы негізгі басқарушы тұлға болып саналады, ал оқушы оқытушының айтқандарына

бағынып қана отыратын енжар (пассив) тыңдаушының ролінде көрінеді. Пассив сабақтарда оқытушы мен оқушының байланысы сұрақ қою, жеке және бақылау жұмыстары, тестілер сияқты әдістер қолданумен шектеледі. Оқушының оқу материалын меңгеруі мен бүгінгі таңдағы педагогикалық технологиялар тарапынан қарағанда, пассив әдіс ең нәтижесіз әдіс деп саналады, дегенмен, бұл әдістің тиімді жақтары да бар. Бұл - оқытушының сабаққа жеңіл дайындалуы мен шектеулі түрде оқу материалынан басқа материалды қолданбай оқыту мүмкіндігі. Осыған байланысты көп оқытушылар пассив әдісті пайдаланады. Кейде бұл әдіс тәжірибелі оқытушылардың қолдануында, өсіресе, егер оқушылардың пәнді үйренуге деген нақты мақсаты болатын болса, тиімді болып саналады. Лекция – пассив сабақтың ең таралған түрі. Сабақтың бұл түрі сабақты терең меңгеруді мақсат тұтқан ересек жастағылар білім алатын ЖОО-да кең тараған.

Актив әдіс. Мұнда оқушылар енжар (пассив) тыңдаушы ретінде емес, сабаққа белсенді (актив) қатысушы ролінде көрінеді. Пассив сабақта негізгі және басқарушы тұлға орнында оқытушы болса, мұнда оқытушы мен оқушының орны тең дәрежеде. Көпшілік актив әдістер мен интерактив әдістердің арасына теңдік белгісін айтады, дегенмен, оларда айырмашылық бар. Интерактив әдістерді актив әдістердің заманауи түрі (формасы) деп қарастыруға болады.

Интерактив әдіс. Интерактив (“Inter” - өзара, “act” - әрекет, қарым-қатынас) – өзара қарым-қатынаста болу, біреумен диалог құру, сөйлесу үстінде болу дегенді білдіреді. Бір сөзбен айтқанда, интерактив әдістердің актив әдістерден айырмашылығы – бұл әдістің тек оқытушы мен оқушыны терең қарым-қатынасқа баулу емес, оқушылардың өзара қарым-қатынас жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқу үдерісі барысында олардың белсенділігін арттыру. Интерактив сабақтарда оқытушының орны, бағыты – оқушының сабақты

менгеру мақсатына жеткізу. Оқытушы, сондай-ақ, оқу жоспары бойынша (әдетте, интерактив жаттығулар мен тапсырмалар арқылы) түгелдетіп отырады. Интерактив сабақтардың негізіп оқушылар орындайтын интерактив жаттығулар мен тапсырмалар құрайды. Интерактив жаттығулар мен тапсырмалардың басқалардан басты айырмашылығы – оқушылар интерактив жаттығулар мен тапсырмаларды орындай отырып, жаңа тақырыпты үйрене отырып, өтілген материалды есте мықты сақтайды.

Жоғарыда аталып өткен әдістердің бірі - интерактив әдіс туралы бүгінгі таңда тіл үйрету саласында аянбай еңбек етіп жүрген әдіскер Қ.Қалашқызы: “қазақ тілін өзге тілді дәрісханаларда оқыту әдістемесінің сапасын арттыру үшін жоғары белсенділікті дамыту (интерактивная методика) әдістемесін қолдануға болады. Бұл әдістеме Қазақстанның білім беру жүйесінде осы кезге дейін пайдаланылмаған әдістеме. Бірақ кейбір оқытушылардың жеке әдістемелерінде сирек те болса қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, иммитация әдістері, өрнектеу (моделирование) – осы жоғары белсенділікті дамыту әдістемесінің белгілері болып табылады”, -дейді. [3]

Әдістер қабылдау қасиетіне, жеткізу негізіне қарай ақпаратты сөйлеу, көру және практикалық (тәжірибелік) деп бөлінеді. (С. И. Перовский, Е. Я. Голант).

Негізгі дидактикалық тапсырмалардан бөлек, әдістер: білімді менгеру әдісі; іскерлік пен дағдыны қалыптастыру әдісі; білімді қолдану(применять) әдісі; шығармашылық іс-өрекет әдісі; нысықтау әдісі; білімді, іскерлік пен дағдыны тексеру әдістері болып бөлінеді. (М. А. Данилов, Б.П.Есипов).

Оқырманлардың танымдық өрекетіне сәйкес, білімді менгеру мазмұнында мынадай әдістер бар: түсіндірмелі-иллюстриативті, репродуктивті, проблемалық шығарма, ізденімдік, эвристикалық, зерттеу әдістері (М.Н.Скаткин,

И.Я.Лернер). Ұсынылатын оқыту әдістері мен оқу әдістері сәйкес келетін классификациялар: жалпы-ақпараттық және орындаушылық, түсіндірмелі және репродуктивті, құрылымды-практикалық және продуктивті-практикалық. (М. И. Махмутов).

Әдістердің 4 қыры (ой-мазмұндық, негіздік, процестік және ұйымдастыру-басқарушылық) каралатын классификацияны С. Г. Шаповаленко ұсынған болатын. [4]

Өзге тілді үйрету әдістемесінің тарихында барынша орынды оқыту әдістерінің өте көп, сан түрлі әрекеттері көрініс тапқан. Ең ежелгі әдіс, баланы өз тілінде сөйлеуге жаңадан үйретудегі әдістен еш айырмашылығы жоқ, табиғи әдіс болып табылады. Табиғи әдістің маңызы - өзге тілді үйрету барысында сөбиді өз тіліне үйрету кезінде жасалатын жағдай мен қолданылатын әдістерді пайдалануымыз керектігінде. “Табиғи” аталуының себебі де осында. Бұл әдістің көрнекті өкілдері ретінде М.Берлиц, Ф.Гуэн, М.Вальтерді, т.б. атауға болады. Олардың арасындағы ең танымалысы деп курстары мен оқулықтары Еуропала, АҚШ-та, бірнеше уақыт Ресей мен КСРО-да таралған М.Берлицті айтуға болады.

Табиғи әдісті пайдалану кезіндегі оқытудың басты мақсаты – оқушыны не үйренушіні өзге тілде сөйлеуге үйрету. Бұл әдістің жақтаушыларының айтуы бойынша, тіл үйренуші оқу мен жазу техникасын үйренбей-ақ, сөйлеуді үйреніп алса, сол тілде оқи да, жаза да алатын көрінеді.

Шетел тілі дайын үлгілерге еліктеу жолымен, өте көп қайталаулар мен жаңа материалды үйренген сөздің ұқсастығымен елестетіп айту арқылы игерілген. Бұл - сөйлей алу мен жеңіл мәтінді оқи алуды үйрету әдісі біраз уақыт бойы қоғам қажеттілігін ұзақ қанағаттандырды. Мектептердің пайда болуы мен онда шетел тілінің жалпы білімдік пән ретінде енгізілуі кезінде де тілді табиғи әдіспен оқытуға тырысты, дегенмен, кейіннен оның орнын аударма әдісі

ауыстырды.

Бүгінгі ғылымда күннен-күнге жаңа зерттеу объектілері (нысаналары) пайда болуда. Сол сияқты, бүгінгі лингвистикалық ғылым да бұқаралық қатынас тілін зерттеуге баса назар аударып келеді. Бұқаралық қатынас құралы адамды әлем жағдайы туралы ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, оның бүкіл ойлау қабілетіне, әлемге деген көзқарасына, бүгінгі таңдағы мәдениетіне әсер етеді. БАҚ-тың радио, кино, телевиденис, жарнама және интернетпен қатар, қоғамдық сана-сезімге мықты әсер ететін ең көп тараған, қол жетімді түрі - баспасоз. Бұл туралы Володина М.Н. өз еңбегінде былай дейді: “Одним из наиболее распространенным и доступным СМИ, наряду с радио, кино, телевидением, рекламой и интернетом, обладающим мощной силой воздействия на общественное сознание, является и пресса”.

[5]

Бүгінгі таңда біз дәрісханаға ескі кітаптармен смес, кешегана болған жаңалықтармен кіреміз. Бұдан ұтатынымыз: студенттер “бүгін пе жаңалық оқиды екенбіз” деп отырады және сол жаңа материалды үлкен қызығушылықпен оқиды. Ал оқуға қызығушылық таныту – үлкен жетістік. Шетелдіктерге орыс тілін үйретуде газет, теледидар жаңалықтарын, интернетті пайдалану көп жылдық тәжірибеден өткізілген. Бұл, оқу үдерісінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану – тілді үйренуге деген қызығушылықты (мотивацияны) арттырып, тіл үйренушінің модени жаңалықтардан хабардарлығын едәуір қалыпқа келтіретінін, дағды мен тапқырлықты дамытуда зор мүмкіндік беретіндігін көрсете алады. Газет тілі тілді өзге (шетел) тіл ретінде оқытуда белсенді оқытылып, қажеттілік тудырып жүр, бұл бағыт объективті-функционалдық бағытқа жақындап келеді. Газет тілінің бекітілген, бұйрық берілген дәстүрлерінен құрылғаны туралы былайша айтуға болады: “газетный язык составился из закрепленных и

138

предписываемых традиции наиболее целесообразных форм использования языка вообще в соответствии со специфическими нуждами газеты”. [6]

Заманауи адам өз елінде болып жатқан оқиғалардан ғана емес, жалпы әлемдегі жаңалықтардан хабардар болу үшін күнделікті, болмады дегенде, бір газетті оқуды қажет етеді. Кез келген уақытта интернет қолдану, теледидардағы жаңалықтарды көру не радио тыңдау әрбіріміздің қолымыздағы мәселе емес. Ал газетті өзімізге қолайлы уақытта оқи беруге болады. Газет – ақпарат жеткізудің маңызды құралы. Ол тек ақпарат тарату көзі емес, сонымен қатар тәрбиелеуде, көңіл көтеруде ерекше қызмет көрсететін бұқаралық ақпарат құралы. Оның кез келген адам өмірінде алатын орны ерекше. Сондықтан бүгінгі таңда газет материалын (өз тіліндегі, өзге тілдегі) оқыту актуальды. Қазақ тілін үйреніп жүрген өзге елдің студенті әлемде болып жатқан саяси жағдайларға көп қызығушылық артады. Ал қазақ газеті оларға қажетті ақпарат қана беріп қоймай, қазақтың тарихымен, әдебиетімен, мәдениетімен танысуға мүмкіндік береді. Оқуға үйретудің мақсаты – қазақ тіліндегі мәтінді ақпарат көзі деп қабылдауға мүмкіндік беретін білік пен дағдыны қалыптастыру. Тіл үйретуде газет материалдары, теледидар жаңалықтары сияқты “жанды” материалдар керемет дәлелді материал бола алады. Бұл – қызығушылықтың (мотивацияның) артуына көп көмектеседі.

Газет тілі барынша көп ақпарат пен насихат құралы болып табылады. Баяндама барынша қол жетімді және жалпы мәнді (жалпыға түсінікті) болуы керек. Газетте саясатқа, экономикаға, қоғамлық өмірге, мәдениетке қатысты көптеген тақырыптар қамтылады.

Газет хабарламаларының қалыпты атрибуттары тартымдылық, сенсациялылық (таң қалдыру), эмоционалды бояу және қол жетімділік болып табылады. Қайталанып

отыратын стандарттармен қатар, оған көбелекті тартып алатын жарық тәрізді адамды баурап алатын, тақырыптар мен негізгі қатарлар, “тартымды-жарнамалық элементтер”, “назарға арналған какпандар”, “өз тұзақтары” кіреді.

Газет тілінің стилистикалық ерекшеліктеріне басты орында ақпаратшылдық, директивтілік, публицистикалық, коммуникативті бағыттылық жатады. Бұл актуальді, қызықтырарлық кең тараған сұрақтар мен тақырыптарды оңдеу, зерттеу кезінде көрініс береді.

Қазіргі газет тілі көп нәрсені әңгімелесу экспрессиясынан және көркем әдебиет айқындылығынан алды. Газеттің орындайтын тапсырмасы жаңа ақпарат беру, беріліп отырған уақыттағы актуальді мәселелерді зерттеу, пікірлерді сынау, түрлі жасқа арналған қызықты да тартымды басылымдар шығару арқылы тұрақты және онша тұрақты емес оқырмандардың көңіліне ұнауы керек. Сондықтан “журналистер оқырманға үнемі жаңашылдық пен ой ерекшелігін сезіндіруге тырысады” [7]

Сабақта қосымша оқу құралы ретінде заманауи газет мақалаларын пайдалану оқу тапсырмаларының біраз мәселелерін шеше алады. Біріншіден, газет материалдары заманауи жағдайларды, сол үйреніп отырған тіл өкілдерінің қоғамын, сұрақтарын, мәдениетін түсіндіреді. Екіншіден, мақалаларда тіл үйренушілердің талқылау тудыруға, өз ойын жеткізіп, дәлелдеуге мүмкіндік тудыратын дискуссиялық сұрақтар бар. Үшіншіден, газет басылымдарында берілетін тақырып бойынша тек мол лексикалық бірліктер ғана емес, сонымен бірге белгілі клишелер, тұрақты лексикалық тіркестер қамтылады. Сондай-ақ, онда фразеологиялық тіркестер мен идиомалар көптеп кездеседі. Тіл үйренуші үшін өз ойын бейнелеп, өзіндік тұжырым жасауға, өсіресе, сөз сөйлесудің қиын құрылымын қажет ететін проблемалық мәселелерді талқылауда клише мен тұрақты тіркестерді

үйреніп атудың маңызы зор. Осылайша, газет материалдары мәдениетпен, мінез-құлық, жүріс-тұрыс стереотиптерімен, қоғамда болып жатқан үдерістермен таныстыра отырып, сонымен қатар, тілдік компетенцияның коммуникативтік құрылым материалы ретінде пайдаланылады. Осыған қоса, лексикалық материал белгілі бір социум өмірі / менталитет ерекшелігі көрінісінде талқыланып, меңгеріледі. Ал бұл тіл үйренушінің қызығушылығын тудырмауы мүмкін емес. Қоғамның ағымдағы, заманауи мәселелерін талқылау мүмкіндігі, оларды шешу жолдары, социум тенденцияларының дамуын өз ортасындағы ұқсас тенденциялармен салыстыру мүмкіндігі шет тілін үйренуде және толық меңгеруде жоғары стимул береді.

Газет материалы көпшілік оқырманға арналып, оның сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталады. Газет материалымен жұмыс істеу - өзге тілді оқыту барысында маңызды құбылыс, себебі газет материалы заманауи лексиканы игеруге, бүгінгі таңдағы тілдің жағдайына төн жаңа құбылыстармен таныстыруға зор мүмкіндік береді. Бұл лексикалық та, грамматикалық та аспектілерге қатысты. Бұдан бөлек, баспасөзді оқыған студент үйреніп жүрген тілінің елі, бүгінгі таңдағы тұрмыстық жағдайы мен мәдениеті жайлы біле алады. Бір жағынан, оның қарым-қатынастық тәжірибесі байып, кеңейеді. Тақырыбы бойынша сәтті таңдалған мақалалар оқу аудиториясының қызығушылығын (мотивациясын) арттырады. Газет материалымен жұмыс істеу барысында студент кез келген типтегі мәтін түріне комплексті (кешенді) түрде жақындау дағдысына ие болады. Лексикалық бірлік мағынасын дұрыс таңдау үшін контекст мағынасын түсіну, фразеологиялық бірліктерді танып-түсіну, мәтінмен жұмыс істеудің әр түрлі түрлерін (қарап шығу, танымдық, ізденімдік оқу) игеру осыдан келіп шығады. Осылайша, алда кездесетін көптеген тілдік қиындықтарды шешуге мүмкіндік

туады.

Аз уақыт ішінде соңғы жаңалықтарды хабарлау коммуникативтік тапсырмаларда да, оның ауызекі сойлеу барысында іске асырылуы кезінде де көрініс береді. Газет әр текті, сан түрлі оқырман қауымға арналған, сондықтан өзіне назар аудартуы тиіс. Оқырман арнайы емес газетті оқуға көп уақытын шығындағысы келмейді, сондықтан газеттегі ақпаратты, хабарламаны жинақы, оқырманға белгілі бір эмоционалдық әсер қалдырарлықтай стіп жазу ұйымдастырылады.

“Газет тілі” немесе “газет стилі” - нақты лингвистикалық анықтамасы жоқ термин. Газет тілі көркем шығарма немесе ғылыми тілден, сөйлесу тілінен айырып тұратын белгілі бір ерекшелікке ие екені даусыз. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының негізгісі ретінде атқаратын газеттің ұзақ сұрыптаудан туындаған өлеуметтік тапсырмасына сай тілдік мәнді құралдар салдары болып табылады. Газеттің түрлі категориясы түрлі аудиторияға арналған. Көздеген мақсатқа жету үшін студенттердің газетке деген қызығушылығын арттырып, ынталандыру қажет. Газет - мәдениеттің бір бөлігі, оқушылар оның көмегімен тілді тек толық игеріп қана қоймай, сол елдің өмір ерекшеліктерін түсіне алады. Мәдениеттанымдық бағыттағы газет материалын оқыту арқылы студенттің өзге тілге деген сүйіспеншілігін молайтып, тәрбиелеуге, сойлеу дағдысын дамытуға мүмкіндік аламыз. Студент өзге елдің газетін оқып қана қоймай, одан өзін қызықтыратын ақпаратты алып, оның мазмұнын түсіндіріп, сонымен бірге, оқығанына өз бағасын беріп, пікірін білдіре алуы керек. Газет мәтінін нәтижелі түрде пайдалану үшін оқытушы материалды мұқият таңдауы керек, себебі газет мақалаларына белгілі бір ерекшелік тән және газет мәтінін ұғынуда қиындықтар болады. Сондықтан осы ерекшеліктерді анықтау үшін дайындық кезеңін ұйымдастыру керек, тек

осыдан кейін ғана газет мәтiнiмен нәтижелi жұмыс iстеуге жол ашылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында бiлiм берудi дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттiк бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентiнiң 2004 жылғы 11 қазанында №1459 жарлығымен бекiтiлген // Егемен Қазақстан, 2004, 16 қазан.

2. Б.Құлмағанбетова. Қазақ тiлiн оқыту методикасы. Алматы, “Мектеп”, 1988.

3. Қ.Қадашева. Қазақ тiлiн оқыту әдiстемесi. – Алматы, 2005.

4. Бабанский Ю.К. “Педагогика”. “Просвещение”, Москва, 1983 г.

5. Володина М.Н. Аспекты изучения языка СМИ на филологическом факультете МГУ им. Ломоносова // Вестник Московского университета. Серия филологическая. 2002 № 6. С.149-151

6. Костомаров В.Г. Русский язык на газетной полосе. Москва, 1971. - 9стр.

7. Солганик Г.Я. и др. Стилистика газетных жанров. Москва, 1981.



Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе”
– ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.**

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Боғатөз БАҚТЫҒАЛИҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

**Автордың мақалаларындағы ой-пікірлер
редакцияның көзқарасын білдірмейді.**

**Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
нөмірі № 1402-Ж куәлікпен тіркелген.**

Басуға 23.08. 2010 ж. берілді. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – әр түрлі.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7,68. Таралымы – 1 619.

Бағасы келісімді. ИНДЕКСІ – 75697.

Мекен-жайымыз:

050009, Алматы қаласы, Гайдар көшесі, 123-үй.

**Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер: 256-06-46, факс: 256-13-41.**


Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – “Хай Текнолоджи” ЖШС-нің
полиграфиялық кешені.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© “Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе”,
Алматы, 1 - 144 б., № 8, 2010.

ОМІРДІҢ ОЗІ - ОНЕРДІҢ КӨЗІ



*Қазақтың таулы қырат жазығында
Табасыз адамның бар азығын да.
Батырар тамашаға жаз жайлауы,
Іздесең - құрт, ірімшік, қазы мұнда!*

*Қызыққа толы небір айналасы,
Шыныққан малын бағып жин баласы.
Денеңді сергітеді салқын самал,
Бәрінен бұрын гажип тиза ауысы!*